Павлодар педагогикалық университеті, г. Павлодар
nodira.abiddinova_2000@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметке даярлау, білім беру сапасын көтеру өзектілігі айтылған. Бұл мәселеде педагогикалық инновацияны пайдалану проблемасы болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Сол себепті болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану ерекшелігін қарастыру керек.

Кілт сөздер: Болашақ маманды даярлау, кәсіби қызмет, бастауыш білім беру, оқу процесі.

Аннотация. В статье рассматривается подготовка будущих учителей начальных классов к профессиональной деятельности, повышение качества образования. В этом вопросе проблема использования педагогических инноваций была взята в качестве аспекта подготовки будущих учителей к профессиональной деятельности. Поэтому следует рассмотреть специфику использования педагогических технологий в подготовке будущих учителей к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: подготовка будущего специалиста, профессиональная деятельность, начальное образование, учебный процесс.

Annotation. The article discusses the preparation of future primary school teachers for professional activity, improving the quality of education. In this issue, the problem of using pedagogical innovations was taken as an aspect of preparing future teachers for professional activity. Therefore, it is necessary to consider the specifics of the use of pedagogical technologies in the preparation of future teachers for professional activity.

Keywords: training of a future specialist, professional activity, primary education, educational process.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар мұғалімдік кәсіби – іс-әрекет деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Мен сіздерге — жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер», — деген. Мемлекет болса, өз тарапынан жастардың сапалы білім мен саналы тәртіп алуына, қажетті

мамандықты игеруіне, өз арман-мақсаттарын жүзеге асырулары үшін бар мүмкіндіктер жасап келеді. Бұл Жолдауда мемлекетте білім алып, еңбек етіп жатқан азаматтарға ең озық жабдықтар және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруді міндеттеп отыр. Әрине, біздің еліміз үдемелі индустриалды-инновациялық бағытта шарықтап, тез дамып келе жатқан елдердің қатарында. Сол себепті жаңа өзгерістерге әр уақытта да қазақстандық азаматтардың дайын болулары керектігін ашық айтты. Осындай саясатты жете түсінген ел азаматы өзінің кәсіби біліктілігін үзбей жетілдіріп, озық технологияларды меңгеру жолында тынымсыз еңбек етуі керек шығар [1].

Жалпы білім беретін мекемелердің іс-әрекетінің сәттілігі, ең алдымен, мұғалімге байланысты. Оның жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық білігі, адамгершілік және ақыл-ой парасаты, педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық ізденіске бой алдыруы қоғамның әлеуметтік есеюі, өнегелі, денсаулығы мен рухани байлығының алғышарты болып табылады.

Қазіргі заманғы Қазақстанның педагогикалық білім беру жүйесі дүниедегі ең жақсылардың бірі болып саналады. Ол кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру процесінің технологиялық бағыттылығымен мықты, оның негізгі мазмұны дайын білімді, дайын ұйғарымдарды меңгеру болып табылады.

Мұғалімді дайындау, ең алдымен, әрбір педагог-маманның бойында жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Бұл ұзақ та күрделі процесс. Жалпы білім саясатының өзекті мәселелері — кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Сонымен қатар бүгінгі таңда ауыл мектептерінде болып жатқан инновациялық процестер экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және өзге де аса маңызды мәселелерді шешу қажеттілігіне бағытталып, ауыл оқушыларын білім беріп тәрбиелеуде, олардың ой-өрісін дамытуда және мәдениетін қалыптастыруда жаңа мүмкіндіктер беруде.

Білім беру жүйесіне қатысты болып жатқан жаңалықтардың нәтижесінде ауыл мектебінде маңызды орынға ие, осыған орай, білім сапасындағы өзгерістер айтуға тұрарлық. «Ауыл», «мектеп» тақырыбы әрқашан да тек қоғам қайраткерлері мен ағартушылардың іс-әрекеттерінің нысаны болып қана қоймай, ғылым саласында да көкейкесті мәселе ретінде ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Ауыл мектебінің құрылуы мен дамуы, тыныс-тіршілігін және оның қоршаған ортамен, қоғаммен байланысын Ы.Алтынсарин, Ф.Е.Брадке, А.Г. Заболоцкий, И.Г.Песталоцци, С.А.Рачинский, В.Н.Татищев, Л.Н. Толстой, К.Д.Ушинский, тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Аталмыш проблеманың ғылыми тұрғыдан дамып, қалыптасуына қазақстандық ғалымдардың да қосқан үлесі ерекше. Атап айтсақ, Ш.М.Әбеуова, Г.Е.Нұрмұханова, Е.А.Өтебаева өз

еңбектерін ауыл мектебінде оқушылардың агроэкологиялық мәдениетін, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға, адамгершілік, экономикалық тәрбие беруге арнаған [2].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысын біраз жыл бақылау мен талдау барысында жалпы бастауыш білім беру мәселесінің негізгі мақсаттарын шешуге даярлауда олқылықтар бар екені байқалды. Мұғалімдердің қиындық көретін мәселелерін зерттеу мен талдау барысында оның басты себебі оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқу үрдісінің ырғағын айқындау мен есепке алуға байланысты болды. Бұл қиындықтар олардың кәсіби – педагогикалық даярлықтарының жетіспеуінде жатыр. Кіші мектеп оқушыларының оқуға деген қызығушылықтары мен ынтасын қалыптастыру жұмысына бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау деңгейі педагогикалық оқу орындарының оқу құралдарында, оқыту үдерісінде жатыр. Ал, болашақ педагогтерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс. Сондықтан жас маманның бойында үш түрлі біліктілік қалыптасуы қажет: а) пәндік біліктілік. Пән бойынша алған теориялық білімі мен іскерлігі жатады. Теориялық білім пән арқылы беріледі. ә) педагогтік біліктілік. Педагогиканың негізін, ұстанымдарын, әдіс –тәсілдерін, сабақты ұйымдастырудың негізгі нысандарын білуі тиіс. б) технологиялық біліктілік. Білім берудің сапасын көтеру, өз бетімен іздену қабілетін қалыптастыру [3].

Біздің қоғамның қазіргі заманғы дамуы кезеңінде көптеген жалпы мемлекеттік мәселелерді қайта қарастырып түсіну жүріп жатыр. Елдің саяси құрылысының өзгеруінен кейін біздің қоғамымыздың жаңа экономикалық құрылысқа ену мәселелері шешіліп жатыр, бұл біздің қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның өзін өзі көрсете алуы методологиясының өзгеруін талап етеді. Жеке тұлға мақсатты түрде білім беру кеңістігінде қалыптасады, оны мынадай қасиеттермен сипаттауға болады: оқытудың дамып жатқан түрінің қойнауында жүзеге асып жатқан гуманизация мен бұл кеңістікте барынша кең таралып жатқан іс-әрекет метабілімі мен метатәсілдері. Бұл орта мектептің білім беру кеңістігінің ақиқаттылығына айналып, заманына сай мұғалімді дайындау теориясының дамыту үшін негіз бола алады.

Мұндай жағдайда біз бір ғана жолын көріп тұрмыз: педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін жасау. Бұл мәселе шешілмейінше, мұғалім дайындығында еш нәрсе де өзгеруі мүмкін емес. Мектеп пен жоғары оқу орнының түбегейлі айырмашылығы бар:

➤ заманына сай мұғалім, көбінесе, өзін тәжірибелік жұмысшы ретінде анықтайды, ол іс жүзінде күрделі жұмыс атқарады. Сондықтан, осы уақытқа дейін мұғалімнің шығармашылығы оқыту мен тәрбие процесінің педагогикалық технологиясын өзгертетін тәжірибелік-әдістемелік өнімді

жасауда көрінді, ал нысанның мазмұны, негізінен, мұғалім іс-әрекетінен тыс қалып қоятын;

➤ жоғары оқу орнында зерттеушілер басқа деңгейдегі өнім жасайды. Методологиялық білімдер болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дайындығының сәттілігін анықтайды. Сондықтан, педагогикалық жоғары оқу орнында мұғалімді дайындаудың ең басты шарты: мұғалімнің жаңа түрін дайындаудың теориялық негіздерін түсініп ұғыну.

Маманның кәсіби-тұлғалық дамуы деңгейінің бес негізгі критерийі бар: руханилық, кәсіби-біліктілік, кәсіби әрекетке операциялық-технологиялық дайындығы, шығармашылық белсенділік және бейімделу қабілеттілігі. Кәсіби – біліктілігінің көрсеткішіне жататындар:

➤ болжам жасау қабілеттілігі (жұмысын жоспарлау, қиындықтарының алдын алу, т.б.);

- әрекетінің жетістігі;
- әрекетінің саналы деңгейі (ғылыми негізде жұмыс жасау);
- стратегиялық, тактикалық міндеттерін белгілеу;
- кәсіби әрекетте түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу шеберлігі;
- күрделі кәсіби міндеттерді шеше білу;
- әрекеттің мақсаттылық деңгейі;
- түрлі әдістемелер мен технологиялармен жұмыс істей білу;
- зерттеу жүргізе білу дағдысы;
- студенттің тілін дамыту;
- ұйымдастыру қабілеті.

Кәсіби әрекеттер жасау адамның біліктілігін кеңейтеді. Мұғалімнің өзін және әрекетін типтік құбылыс ретінде қарастыруға болады. Қызметіндегі рөлін жоғары бағалап, өзін соның бір бөлігімін деп сезінетін адамдар өте жиі кездеседі. Олар бар міндетін өз мойнына жүктеп, біртұтас, бөліп қарауға болмайтын үрдіс ретінде қабылдайды.

Сабақ барысындағы және сабақтан тыс жұмыстарының мазмұнын жүйелеп, оны орындаудың түрлері мен әдістерін анықтап алу арқылы оларды педагогтік мамандыққа үздіксіз және жүйелі дайындау мақсаты орындалды. Мұндай жұмыстарды орындау барысында студенттердің өз мамандығының мәнісін, маңызын, келешектегі мақсатын түсіну деңгейі дамып, танымы қалыптасады. Танымның түрі көп екені белгілі. Ғалымдардың танымы мен студенттердің оқу білім алу кезінде қалыптасатын танымдарын салыстыруға болмайды. Студенттер субъективтік жаңаны, ғылым бұрын зерттеп, танып қойғанды ғана қабылдап, таниды. Ал, ғалымдар болса, жаңаны іздейді, зерттеу жолында сәтсіздікке кездесуі де мүмкін. Соның негізінде басқа жол іздестіріп, талай қиындыққа ұшырайды. Студенттер болса, әбден байқаудан өткен әдіс-тәсілдерді танып, оның қолдану ретін іздестіреді. Бірақ, осы ізденістің өзі олар үшін жаңа танымға жетелеп, жаңа ұғым береді. Сол жаңалықты меңгеруге жетелейтін, ізденуге жол сілтейтін, жаңалықтың іс жүзінде қолданылу ретін көрсететін жоғары оқу орнының мұғалімі. Сондықтан да, студенттерге берілетін кәсіптік шеберлік үнемі олардың таным процесін дұрыс

ұйымдастырып, іс жүзінде ізденушіліктерін тудырып отыру арқылы жүзеге асады. Мұны жоғары оқу орының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ескерген жөн деп санаймыз.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Елбасы Жолдауын талқылауға арналған шаралардың материалдары / Жауапты ред. Б.К.Сұлтанов. — Алматы, 2013. — 226 б.
2. *Өтебаева Ә.Т.* Ауыл мектебі оқушыларын рухани адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: Пед. ғыл. канд автореф. — Алматы, 2007. — 24 б.
3. Қадырбаева. Б.А. Студенттерді кәсіби біліктіліктерге машықтандыру мәселелері. // Білім әлемінде. – Алматы, 2014.

«ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ДЕТСКОГО САДА С СЕМЬЕЙ»

Б.А.Ахтамберова, З.Ш.Шавалиева
Павлодарский педагогический университет

***Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі мекеме мұғалімдерінің тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылады. Ата-аналармен жұмыс жасаудың формалары мен әдістері сипатталған.*

***Кілт сөздер:** отбасымен жұмыс, өзара әрекеттесу, өзара әрекеттесу формалары.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы взаимодействия педагогов дошкольного учреждения с родителями воспитанников. Описываются формы и методы работы с родителями.*

***Ключевые слова:** работа с семьёй, взаимодействие, формы взаимодействия.*

***Annotation.** The article deals with the issues of interaction of preschool teachers with the parents of pupils. The forms and methods of working with parents are described.*

***Key words:** work with the family, interaction, forms of interaction.*

«От того, как прошло детство, кто вёл ребенка за руку в детские годы, что вошло в его разум и сердце из окружающего мира – от этого в решающей степени зависит, каким человеком станет сегодняшний малыш».

В.А. Сухомлинский

Детские годы – самые важные в жизни каждого человека. И как они пройдут, зависит от взрослых: родителей, воспитателей.

В нынешнее время усилилась тенденция самоустранения многих родителей от вопросов воспитания и развития ребенка, потому что большинство семей озабочено решением проблем экономического, а порой физического выживания. Родители порой осуществляют воспитание вслепую, интуитивно, не владея в достаточной мере знанием возрастных и индивидуальных особенностей развития ребёнка. Всё это не приносит позитивных результатов.

Детский сад, как социальный институт в поддержку семье, помогает воспитывать ребёнка. В сложившихся экономических и социально-культурных взаимодействии с семьёй является важным направлением деятельности детского сада.

Семья и детский сад составляют для ребенка на определенном этапе его жизни основную воспитательно-образовательную среду – образовательное пространство. Дошкольное учреждение играет важную роль в развитии ребенка. Здесь он получает образование, приобретает умение взаимодействовать с другими детьми и взрослыми, организовывать собственную деятельность. Гармоничное развитие дошкольника без активного участия его родителей в образовательном процессе вряд ли возможно.

Создание образовательного пространства в дошкольной организации с привлечением семьи является одним из перспективных направлений системы дошкольного образования.

«Какими качествами должен обладать воспитатель, как проходит его общение с воспитанниками и родителями?» -эти вопросы волнуют педагогов дошкольных организаций. Воспитателю необходимо обладать коммуникативными умениями, показывать родителям, что он видит в них единомышленников, партнеров. Педагоги должны уметь ориентироваться в проблемах воспитания и нуждах семьи, использовать в работе новые технологии. Родители хотят видеть компетентного воспитателя, заинтересованного в успешном развитии их ребенка. Но важны и нравственные качества педагога: внимание, чуткость, эмпатия. В общении воспитателя и родителей неуместны категоричность, грубый тон. Ежедневное доброжелательное взаимодействие воспитателей с родителями имеет большее значение, нежели хорошо проведенное мероприятие. В работе с родителями необходим индивидуальный подход, так же, как и в общении с детьми. Совместными усилиями можно помочь ребенку в той или иной ситуации, проявляя свои человеческие качества и педагогические умения. В настоящее время большинство родителей грамотные, осведомленные. Поэтому позиция наставления, пропаганды педагогических знаний не даст положительного результата.

Все мероприятия по взаимодействию с родителями должны быть тщательно продуманы: начиная от оформления, заканчивая сценарием мероприятия. Важно предусмотреть все мелочи, возможные нюансы. Главное

в данной работе - это качество, а не количество мероприятий. С каждым годом имеет место быть тенденция: изменяется социальный состав родителей, и, соответственно-образовательные потребности и воспитательные запросы. Педагоги должны учитывать возраст родителей, образование, культурную ориентацию, взгляды на воспитание детей и ставить конкретные задачи во взаимодействии с родителями. В зависимости от этого менять формы и направления работы с семьей [2,с.3-4]

В организации общения ведущая роль принадлежит воспитателю. Поэтому воспитателям необходимо обладать коммуникативными умениями, показывать родителям, что он видит в них партнеров, единомышленников. Воспитатели должны ориентироваться в проблемах воспитания и нуждах семьи, использовать в работе новые технологии, быть в курсе последних достижений науки. Родители должны видеть компетентность воспитателя и заинтересованность в успешном развитии

Общение воспитателя с родителями должно быть всегда насыщенным и интересным. Для этого можно сохранить и использовать все лучшее и проверенное временем, а также внедрить новые, эффективные формы взаимодействия с семьями воспитанников. Наиболее популярными формами работы с родителями всегда были и остаются: родительские собрания, совместные праздники и развлечения, индивидуальные беседы и консультации, чаепития [1, с. 30].

Для того, чтобы начать работу с родителями, воспитателю нужно хорошо знать родителей своих воспитанников. Поэтому в начале учебного года необходимо составить социальный паспорт родителей группы. Проведение анкетирования, личных бесед на тему ожидания и настроения от пребывания ребенка в детском саду. Данные формы работы помогут правильно и эффективно выстроить работу, подобрать интересные формы работы с семьей.

Ежегодно в сентябре мы проводим анкетирование родителей воспитанников на тему «Социальный портрет семьи». По результатам формируется социальный паспорт семей детей нашей группы.

Работу с родителями проводим, как правило, через традиционные и нетрадиционные формы. К традиционным относятся: родительские собрания общие и групповые, круглые столы, индивидуальные беседы и консультации, выставки, папки-передвижки.

К нетрадиционным можно отнести:

- информационно-аналитические: опросы, «Почтовый ящик»;
- досуговые: праздники, участие родителей в конкурсах и выставках;
- познавательные: семинары-практикумы;
- наглядно-информационные формы: папки-передвижки, организация Дня открытых дверей, открытых просмотров организованной учебной деятельности.

Одной из основных форм коллективной работы является родительское собрание. Как показывает практика, групповые родительские собрания чаще всего родители воспринимают как вынужденную процедуру. Чтобы «оживить»

эту форму взаимодействия с родителями – это может быть и проведение общего развлечения с заданиями для родителей и подготовленный детьми небольшой концерт на какую-то тему. Родители любят смотреть на интервью детей, на видеоматериал о детях в разных видах деятельности, на видеоотчет о проводимых в группе мероприятиях. Все это поможет показать родителям взаимоотношения ребенка со сверстниками, продемонстрировать достижения или, наоборот, корректно показать сложности [3, с.21-22]. Чтобы родители шли на собрания с желанием, мы показываем с помощью мультимедийной установки фотографии детей в группах, на праздниках, ОУД, приглашаем специалистов До: музыкального руководителя, психолога, преподавателей казахского и русского языка (если их предметы есть в рабочем учебном плане).

Привлечь родителей к участию в мероприятиях, установить теплые доверительные отношения между родителями и детьми помогают досуговые формы работы. В нашем детском саду проводятся праздники с приглашением родителей. При посещении таких мероприятий у мам блестят глаза, появляются улыбки.

На праздниках используются театральные и игровые приемы. Воспитатели выступают в разных ролях. В такой непосредственной, непринужденной обстановке происходит обмен положительными эмоциями, что еще больше сближает родителей и педагогов, что позитивно сказывается на детях.

Также проводятся различные конкурсы и выставки. Большинство родителей принимают активное участие в них. Они в своих работах используют творческий подход, креативность. Дети очень гордятся своими поделками, сделанными совместно с родителями.

Хорошей традицией стало проведение семейных спортивных праздников: «Веселые старты», «Мама, папа, спортивная семья». С каждым годом наблюдается тенденция увеличения количества желающих поучаствовать в них.

В преддверии знаменательных дат, государственных праздников проводится конкурс чтецов. Родители тоже принимают непосредственное участие в подготовке ребенка: знание текста, сценический костюм.

Родители, участвуя в различных видах совместной деятельности, приобретают и развивают опыт педагогического общения со своим ребенком, и, следовательно, с воспитателями.

Таким образом, использование различных форм работы семьями воспитанников нашего детского сада дает положительный результат. Изменился характер взаимодействия педагогов и родителей. Многие стали незаменимыми помощниками воспитателей.

Эффективно организованное сотрудничество в условиях дошкольного учреждения поможет построению взаимодействия с семьей на качественно новой основе, будет способствовать развитию партнерских отношений во взаимодействии семьи и детского сада. Но, прежде всего, воспитателям необходимо пересмотреть свои позиции и перейти от профессиональной обязанности вести работу с родителями к желанию сотрудничать, отказаться от традиционной роли воспитателя в пользу партнерской.

Литература:

1. Загик Л.В., Куликова Т.А., Маркова Т.А. [Воспитателю о работе с семьёй]: пособие для воспитателя детского сада / Загик Л.В., Куликова Т.А., Маркова Т.А. и др.; Под редакцией Виноградовой Н.Ф. – М.: Просвещение, 1989. – 192 с.
2. Зверева О.Л., Кротова Т.В. [Общение педагога с родителями в ДОУ]: методический аспект. – М., 2005.
3. Козлова А.В., Дешеулина Р.П. [Работа ДОУ с семьёй]: диагностика, планирование, конспекты, лекции, консультации, мониторинг. – М.: ТЦ Сфера, 2004.

«ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ДОШКОЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ С СЕМЬЯМИ ВОСПИТАННИКОВ»

А.А.Бекишева, А.Ж. Темиржанова, Ж.М.Бердібекова
Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар
e-mail: anara_17_05@mail.ru

***Аннотация.** В статье рассматривается связь семьи и дошкольного образовательного учреждения. Значимость данной темы определена тем, что семья является основным общественным и психологическим фактором, обладающие воздействие на формирование личности ребенка. То, что ребенок приобретает в рамках воспитания в семье, он сохраняет в течение всей дальнейшей жизни*

***Ключевые слова:** семья, взаимодействие, родители, дошкольное учреждение*

***Аннотация.** Мақалада отбасы мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің байланысы қарастырылады. Бұл тақырыптың маңыздылығы отбасының баланың жеке басының қалыптасуына әсер ететін негізгі әлеуметтік және психологиялық фактор екендігімен анықталады. Бала отбасындағы тәрбие шеңберінде не алады, ол өмір бойы сақтайды*

***Кілт сөздер:** отбасы, өзара әрекеттесу, ата-аналар, мектепке дейінгі мекеме*

***Abstract.** The article examines the relationship between the family and a preschool educational institution. The significance of this topic is determined by the fact that the family is the main social and psychological factor that has an impact on the formation of a child's personality. What a child acquires within the framework of upbringing in the family, he retains throughout the rest of his life*

***Keywords:** family, interaction, parents, preschool*

Вопрос о взаимодействия дошкольного учреждения с родителями всегда была актуальна и нуждалась в исполнении решения. Большинство родителей XXI века не проявляют желание сотрудничать с дошкольными образовательными организациями, ссылаясь на не достаток времени. Но без

сотрудничества родителей с ДООУ невозможно полноценное развитие ребенка.

Дошкольное учреждение - это место, где дети проводят много времени, пока работают их родители. Можно уверенно утверждать, что большая часть времени уходит на непрерывное и последовательное обучение, таким образом, дошкольное образовательное учреждение должно тесно взаимодействовать с семьей ребенка [1, с.34].

Работая в этом направлении, нужно организовать различные формы, методы взаимодействия с родителями. Необходимо влиять на родителей таким образом, чтобы они старались быть с ребенком на протяжении всего дошкольного возраста, помогали ему.

В каждом дошкольном возрасте имеется воздействие родителей на жизнь ребенка. В раннем возрасте, родители поддерживают и одобряют новые таланты самостоятельности ребенка (передвижения, изучение объектов и пр.) В раннем детстве ключевыми достижениями малыша в психическом формировании являются: исследование общественных функций и возможностей действий с предметами. На данном рубеже взрослый выступает субъектом ситуативно-делового общения, сотрудничества, эталоном для подражания, руководителем, контролером, основой эмоциональной поддержки.

В связи с приходом дошкольников в школу происходят повторные изменения в коммуникации, особенно в отношениях с родителями. Многие ребенка оценивают с точки зрения его школьных рабочих успехов или неудач. Иными словами, родительская любовь иногда зависит от того, что ребенок делает в школе. Если все правильно, его любят, если нет-ругают. Меняются и отношения с другими людьми. Спрашивают ребенка о школе, оценивают его с точки зрения его достижений и недостатков при обучении в школе. Это способствует отключению когнитивных способностей; формируется самоощущение в роли школьника в узком смысле. Таким образом, возникают особенности самооценки, особенности, связанные с зависимостью от ее результатов обучения.

Эмоционально-психический мир младших дошкольников характеризуется: легкой восприимчивостью на происходящие действие и окрашенностью восприятия, творческой изобретательностью, наивностью и откровенностью формулирования своих мыслей; психической неустойчивостью, частой сменой настроения, предрасположенностью к кратковременным и бурным аффектам; эмоционально ценными моментами для младших дошкольников представляются достижения в учебе и оценка данных успехов педагогами и сверстниками; эмоциями и ощущениями (и своими, и других людей), мимика других принимается неверно, так же как и объяснение формулирования чувств, что приводит к неполным встречным реакциям младших дошкольников. Иными словами, у младших дошкольников, как правило, не сформировано чувство эмпатии, сопереживания. Показное поведение ребенка самым нешуточным образом

воссоздается на его внутреннем мире, собственно поэтому младший дошкольник требует внимания [2].

Семья – преимущественно подходящая среда для формирования нравственной и психологически здоровой личности, так как обладает положительной значительностью в социализации индивида, в результате специальной психической обстановке любви, заботы, уважения, понимания и поддержки. Чуткое, заботливое взаимоотношения между взрослыми и детьми позволяет вовремя обнаружить способности ребенка, поддержать его в формировании интересов и склонностей [3].

Исходя из вышеизложенного, можно понять что неблагоприятные семейно-бытовые отношения, отсутствие контроля или напротив, чрезмерный контроль над поведением детей ведут к серьезным проблемам семейного воспитания.

Есть ошибочное мнение у родителей о том, что основным наставником деток является детский сад. Семья будто бы самоустраивается от процесса воспитания. Ослабевает уважение к личности младшего дошкольника, его жизненному миру, опыту, интересам, индивидуальным ценностным ориентациям, чувственной сфере. А ведь родители – это: источник чувственного тепла, власть высшей инстанции, прообраз и модель для подражания, самые преданные товарищи и советчики. Тем самым отдаляясь от обучения детей, любой родитель обязан знать и помнить о том, что в этот самый момент случается изменение в сознании ребенка, что, несомненно, отпечатается на развитии его личности в будущем.

Развитие детей в семье исполняется преимущественно успешно, когда между детским садом, ее педагогами и родителями имеется тесный контакт. Воспитатель призван постоянно, оказывать помощь семье в воспитании детей.

В конечном итоге у детей с некорректным воспитанием замечаются отличия в психосоциальном развитии. Большинство детей не самостоятельны, немотивированные, энергия уходит в основном на коммуникацию, в накопление жизненного опыта, в наполнение эмоциональной сферы чем-то новым, прежде недополученным. Другие же, напротив, имея небольшие способности в социальной сфере, становятся малообщительными, зажатыми, одиночками. На пути к созданию личного образа Я, дети начинают лгать, приукрашая реальность, стараются казаться более самостоятельными, уверенными в своих делах и поступках, вдобавок в следствии нарушений самооценки детей, у некоторых детей замечаются выплески агрессии временами как средства защиты, иногда и как средства повиновения своим условиям других людей [3].

Необходимо проводить работу с родителями, которая направлена на привлечение внимания родителей к их роли в развитии личности младшего дошкольника.

В требованиях основы учебной деятельности, вследствие значительных изменений в жизни дошкольника, нужна тесная помощь в системе «педагог – родители – дети» для оказания позитивного воздействия

на развитие личности младшего дошкольника. Социально-психологическая значимость семьи в становлении личности младшего дошкольника будет обеспечена, если: проведена диагностика родителей и младших дошкольников; работа преподавателя выполняется на основании выполненной диагностики, как родителей, так и младших дошкольников; в процессе созданной деятельности по повышению значимости семьи в становлении личности будут предусматриваться возрастные особенности личности ребенка (самооценка, типологические особенности: темперамент) поведение младшего дошкольника в коллективе (активность, пассивность, замкнутость, общительность, чувственная устойчивость); становлению личности младшего дошкольника будет уделено внимание в ходе общих событий в системе «педагог – родители – дети», созданы разнообразные личные и совместные формы работы с родителями можно считать доказанной.

Литература:

1. Дронова Т.Н. Взаимодействие дошкольного учреждения с родителями: пособие для работников дошкольных образовательных учреждений – Москва, 2002.-125с.
2. Выготский, Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. – М.: АСТ, 2008. – 672 с.
3. Кулагина, И.Ю. Возрастная психология: полный жизненный цикл развития человека: учебное пособие для студентов ВУЗов / И.Ю. Кулагина, В.Н. Колюцкий. – М.: ТЦ «Сфера», 2001. – 464 с.

«ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

А.К. Валиева, Б.М. Жапарова

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

alfinur.valieva98@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі заманауи қоғамда білім сапасын дамыту үшін қойылатын талаптардың күшейтілуі және сол талаптардың бірі – мультимедиялық технологияларды қолдану болып табылатындығы туралы айтылған. Оның ішінде электронды оқулықтарды пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтары қарастырылған. Мультимедиялық технологияларды жоғары оқу орындарының да, мектептердің де оқу үдерісінде, оның ішінде бастауыш сыныптарда қолдану оқу процесінің пассивті режимінен, белсенді режиміне өтуге мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл зерттеу барысында мультимедиялық қосымшалар, электронды бағдарламалар, білім беру платформалары қарастырылған. Олардың мақсаттары мен оқытудағы маңызы зерттеліп, талдау жасалған. Оқушыны жан-жақты дамытудың тиімді жолы – түрлі технологияларды сабақта қолдану деп есептей келе,

бастауыш мектепте математика сабақтарында мультимедиялық қосымшаларды қолдану жолдары сипатталды.

Кілт сөздер: мультимедия, технология, ақпараттық база, электронды оқулықтар, электронды бағдарлама, платформалар.

Аннотация. В статье говорится об усилении требований к развитию качества образования в современном обществе и о том, что одним из таких требований является применение мультимедиа технологий. В том числе рассмотрены эффективные и неэффективные аспекты использования электронных учебников. Установлено, что использование мультимедийных технологий в учебном процессе как высших учебных заведений, так и школ, в том числе в начальных классах, позволяет перейти от пассивного режима учебного процесса к активному. В ходе данного исследования были рассмотрены мультимедийные приложения, электронные программы, образовательные платформы. Изучены и проанализированы их цели и значение в обучении. Предполагая, что эффективным способом всестороннего развития ученика является использование на уроках различных технологий, были описаны способы использования мультимедийных приложений на уроках математики в начальной школе.

Ключевые слова. мультимедиа, технология, информационная база, электронные учебники, электронная программа.

Abstract. The article talks about the strengthening of the requirements for the development of the quality of education in modern society and that one of such requirements is the use of multi-unit technologies. In particular, the effective and inefficient aspects of the use of electronic textbooks are considered. It is established that the use of multimedia technologies in the educational process of both higher educational institutions and schools, including in primary grades, allows you to switch from a passive mode of the educational process to an active one. In the course of this study, multimedia applications, electronic programs, educational platforms were considered. Their goals and importance in teaching have been studied and analyzed. Assuming that an effective way of comprehensive development of a student is the use of various technologies in the classroom, the ways of using multimedia applications in math lessons in elementary school were described.

Keywords: multimedia, technology, information base.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Қоғамды ақпараттандырудың жетекші бағыттарының бірі – мультимедиялық технологияларды дамыту, олардың әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларына енуі: өндіріс, бизнес, ғылым, білім, жаппай тұтыну міндениеті. Мазмұны мен формасының байлығын, мәтіндік, графикалық, сөйлеу, дыбыстық, бейне, фото-ақпараттың әртүрлі түрлерінің үйлесімін және оларды алу тәсілдерінің алуан түрлілігін қамтамасыз ете отырып, бұл технологиялар әлемнің мультимедиялық қабылдауын қалыптастырады.

Мультимедиялық технологиялар – информатика саласындағы ең перспективті және танымал технологиялардың бірі болып табылады. Олар интерактивті интерфейсін және басқа механизмдерді қамтитын «дыбыспен, бейнемен, анимациямен және басқа да визуалды эффекттермен (Simulation) бірге жүретін бейнелеу өнері, мәтіндер мен деректер жиынтығы бар өнімді құруды мақсат ету». Бұл анықтаманы 1988 жылы жаңа технологияларды енгізу және пайдалану мәселелерімен айналысатын ең ірі Еуропалық Комиссия тұжырымдады [1, б. 21].

Мультимедиялық технологияларды қолдану оқу процесін ұйымдастыруда, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. Белсенді оқыту әдістерін тиімді енгізу үшін үлкен және маңызды жұмыс қажет, компьютерлік техникамен жеткілікті мөлшерде жабдықтандыру бойынша, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыруда әдістемелік және ақпараттық базаны дайындаудың маңызы зор екені белгілі.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникацияларды белсенді қолданылады, бұған бірқатар факторлар ықпал етеді, және, ең алдымен, білім беру мекемелерін қуатты компьютерлік техникамен жабдықтау және интернет желісін дамыту. Компьютерлік технологияларды оқу процесіне интеграциялаудың келесі басым мәселелері бөліп көрсетілді:

- психологиялық-педагогикалық цикл,
- компьютерлік оқу құралдарын жүйелеу;
- оқытудағы әлемдік Интернет желісінің рөлін қарастыру [2, б. 30].

«Мультимедиа» қарапайым компьютерлер сияқты сандық түрде ғана емес, әртүрлі түрдегі ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігін білдіреді. Мультимедиа-компьютерлер дыбыс (музыка, сөйлеу және т.б.), сондай-ақ бейнеақпарат (бейнероликтер, анима фильмдері және т. б.) шығаруға мүмкіндік береді. Бейне эффекттерді ауыстырылатын компьютерлік слайдтар, мультфильмдер, бейнеклиптер, суреттер мен мәтіндердің қозғалысы, кескіннің түсі мен масштабын өзгерту, оның жыпылықтауы және біртіндеп жоғалуы және т. б. көрсету арқылы ұсынуға болады.

Мультимедиялық технологиялардың көмегімен адам ақпаратты бірден бірнеше сезім мүшелерімен қатар қабылдайды. Аралас әсер ету кезінде оқушы көру және есту арқылы және оны белсенді әрекетке тарту арқылы оқу материалын игеру үлесі 75% құрайтыны анықталды.

Мультимедиялық бағдарламаларда ақпарат берудің белгілі бір әдістері қолданылады:

1. Гиперсілтемелер арқылы әртүрлі ақпараттық блоктардың (мәтін, графика, бейнефраг) өзара іс-қимылы. Гиперсілтемелер арнайы ресімделген мәтін түрінде немесе белгілі бір графикалық кескін түрінде ұсынылады. Сонымен қатар, бірнеше сілтемелер экранда бірнеше гиперсілтемелер орналасуы мүмкін және олардың әрқайсысы өз бағытын анықтайды.
2. Интерактивтілік, яғни пайдаланушының оны қызықтыратын ақпаратты, оны беру жылдамдығы мен реттілігін өз бетінше таңдай алатын дереккөзмен диалогтық жұмыс режимі [3, б. 19].

Бастауыш мектепте оқу материалын дайындау мен оқушыларға меңгертудің ең жақсы формасы – презентациялар. Мультимедиялық презентация - бұл дыбыстық эффекттер мен музыкалық шығармаларды, компьютерлік анимациялар мен бейнелерді, мәтіндерді, кестелер мен фотосуреттерді біріктіру мүмкіндігі. Барлық презентациялар ортақ идеямен біріктірілуі керек.

Сабақтағы мультимедиялық презентацияның (немесе оның жеке слайдының) нысандары мен пайдалану орны, әрине, осы сабақтың мазмұнына, оқытушының қойған мақсатына байланысты. Дегенмен, сабақта осындай құралдарды қолданудың кейбір жалпы, неғұрлым тиімді тәсілдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- Жаңа материалмен танысу кезінде. Түрлі көрнекі құралдармен безендіруге мүмкіндік береді. Қандай да бір процестің даму динамикасын көрсету қажет болған жағдайларда қолдану әсіресе тиімді;
- Жаңа тақырып бекітілгенде;
- Білімді тексеру үшін. Компьютерлік тестілеу;
- Сабаққа қосымша материал ретінде білімді тереңдету үшін;
- Дербес жұмыстарды тексеру кезінде. Нәтижелерді ауызша бақылаумен қатар көзбен шолып бақылауды қамтамасыз етеді;
- Оқу сипатындағы міндеттерді шешу кезінде;
- Сергіту сәті ретінде;
- Таратылатын дидактикалық материалдарды, кодограммалар мен карточкаларды дайындауға арналған құрал ретінде [4, б. 352].

Осыған орай, бастауыш сынып мұғалімі тек ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласында білім алып қана қоймай, сонымен қатар оларды кәсіби қызметінде қолданудың маманы болуы керек. Бұл мақсатқа жетуге білім беруді ақпараттандыру саласында педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау ықпал етуі тиіс. Білім беруді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететінін болашақ және қазірдің өзінде жұмыс істейтін мұғалімдерге айтамыз. Оның біріншісі – тәрбиенің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген қызмет. Екіншісі – ақпараттық қоғам талабына сай жаңаша ойлау түрі бар мамандарды даярлау сапасын арттыру [5, б. 17].

Мультимедиялық технологиялардың ерекше бір түрі – білім беру платформалары. Олар оқушылардың өнімді іс-әрекеті үшін әртүрлі құралдарды пайдалануды көздейді.

Білім беру платформасы – белгілі бір шарттарда пайдаланушыларға ұсынылатын оқу материалдарының банкін міндетті түрде қамтитын интернет-ресурс. Бұл платформалардың мақсаты – цифрлық технологиялар арқылы жоғары сапалы білім беру. Бұл платформалар мектеп оқушылары арасында өзекті, өйткені көру және жоғары сапалы визуализация мектеп оқушыларына ақпаратты есте сақтау процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде білім берудің онлайн платформаларын қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жаңа педагогикалық тәсілдерін әзірлеу;

- педагогикалық қосымшаларды әзірлеу және бейімдеу процесін жеңілдету (платформада қол жетімді білім базасы, білім беру порталдары мен веб-сайттарына сілтемелері бар электрондық білім беру құралдары, сондай-ақ кіріктірілген құралдар жүйесі есебінен);

- сұрақтар мен тапсырмаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігімен мектеп циклінің барлық пәндері бойынша сұрақтар, тапсырмалар және жаттығулар банкіні қамтитын тестілеу және диагностика жүйелерін оқу процесінде қолдану;

- баланың шығармашылық қабілеттерінің даму динамикасын және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін қадағалау.

Осындай білім беру платформаларының ішінде ең танымал платформалар – «Uchi.ru», «ЯКласс», «Яндекс учебник», «eSchool.pro», «Joyteka».

Заман табына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды пайдалану – оқытудың жаңа технологияларының бір түрі ретінде қарастырылады. Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншіліктерінің артқаны белгілі болды:

- Өтілетін материалдарды дұрыс, әрі жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі тексеруге;
- Жұмысты тиянақты түрде орындауға;
- Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Зерттеу барысында электронды оқулықтарды пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарын анықтадық:

Оң жақтары

- Оқушының уақытын үнемдейд, оқу материалын іздеп отырмайды.
- Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ кез келген мәліметті алып, оқып үйренуіне болады.
- Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады.
- Таңдап алған хабарды көшіруге мүмкіндік бар.
- Сарамандық жұмыстар тез түсіндіріледі.
- Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.

Теріс жақтары

- Психологиялық-педагогикалық талаптардың жоқтығы.
- Пән аралық байланыстың аздығы.
- Көрнекілік материалдарда біріңғай тандау.
- Оқып үйренудегі мамандық бойынша бағыт ескерілмеген.
- Материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару.
- Оқушының жеке ерекшелігі, денсаулық жағдайы ескерілмеген.

- Көрнекілік құралдарға деген мұқтаджықты азайтады.
- Мұғалім әр оқушымен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады.
- Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге, тану үрдісіне ұқпал етеді.
- Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптастырады.
- Берілген материалдағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталмауы.
- Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.
- Оқушының тіл мәдениетінің төмендеуі «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.

Барлық жағдайларды ескере отырып, білім беру жүйесіне мультимедиялық технологияларды енгізу бірқатар жақсы жақтарымен көрінуде, алайда бірнеше қиындықтар да кездесіп жатады. Оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану сабақтардағы оқу қызметін саралауға мүмкіндік береді, білім алушылардың танымдық қызығушылығын жандандырады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, ақыл-ой белсенділігін ынталандырады. Осылайша, мультимедиялық технологияларды дамуы білім берудегі жаңа әдістерді дамытуға, білім берудегі жаңа әдістерді ойлап табуға кең мүмкіндіктер береді және оның сапасы мен тиімділігін арттырады.

Әдебиет:

1. Искакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004 – 21б.
2. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологиаларды пайдалану арқылы оқыту үдерісін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.авторепф. / Б.А.Досжанов. – Түркістан, 2007. – 30б.
3. Сатыбаева Т.Ж. Оқыту процесінде мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері. Ғылым және білім, 2010. – 19б.
4. Бидайбеков Е. Ы., Гриншкун В. В. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. Алматы: 2014. – 352 б.
5. Кириченко.А.А. Мультимедиа-технологии: учеб.пособие // под.ред. А.В.Кострова, ЮНИТА «Современная Гуманитарная Академия» – 2005. – 17б.

«ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ»

А.Е. Әбдінәсір, Г.К. Тулиндинова
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
 e-mail: abdinasir00@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада орта мектеп оқушыларына оқыту кезінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың ерекшеліктері қарастырылады. Оқушылардың жобалық қызметін пайдаланудың артықшылықтары көрсетілген.

Кілт сөздер: құзыреттілік тәсіл, оқу жобасы, құзыреттілік.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности реализации компетентностного подхода в обучении старшеклассников. Показаны преимущества использования проектной деятельности студентов.

Ключевые слова: компетентностный подход, учебный проект, компетентность.

Abstract. in the article, we consider the specifics of the implementation of the competence training of senior citizens. The importance of using the project activities of students was demonstrated.

Key words: competence approach, training project, competence.

Қазіргі таңда білім беру нәтижелері жаңаша қарастырылуда, олар: өз бетімен білім алуға, әлеуметтік ортада өмір сүруге қабілеттілігі, шешім қабылдауға, мәселені шешуге қабілеттілігі, ақпараттық, қарым-қатынастық (коммуникативтік) құзіреттілігі, жауапкершілігі мен белсенділігі. Бұл нәтижелер оқушылардың жобалау әрекеті негізінде қалыптасатын нәтижелер, соған орай, жобалау мектептің барлық сатыларындағы оқыту барысын түгел қамтитын әрекет деп айтуға әбден болады [1].

Жобалаудың ғылыми негізіне жоба, жобалау, жобалық, жобалаушылық сияқты ұғымнан туындайтын түсініктер алынады. Жобалау (орыс тілінде «проектирование», латынның projektus)–алға қарай тастау, алға жүру деген түсінікті береді. Оның мағынасы алдағы уақытта болатын құбылыстың бейнесін жасауға қатысты ғылыми және инженерлік әрекеттермен байланысты айқындалады. Адам еңбегіне қатысты өнімдердің барлығы да алдын ала жобалау арқылы жасалатын болғандықтан, осы тұрғыдан қарастыру жобалауды жоба құру үрдісі, яғни, белгілі бір объектінің болашақтағы бейнесін алдын ала құрастыру үрдісі дей аламыз. [2].

Қазіргі мектептегі білім беруде жобалық техниканы қолдану қажеттілігі білім беру жүйесіндегі оқушының жеке басының неғұрлым толық дамуына, оның нақты іс-әрекетке дайындығына айқын тенденцияларға байланысты.

Жобалау әдістемесі студенттерге Информатика, Ақпараттық технологиялар және биология пәндерін оқытуда кеңінен қолданылады, бұл олардың сипаттамалық ерекшеліктеріне байланысты. Жобалау әдістемесін қолдану орта мектепті оқытудың барлық кезеңдерінде нәтиже береді, өйткені жобалау әдістемесінің мәні оның дамуының кез-келген кезеңінде адамның негізгі психологиялық талаптарына сәйкес келеді.

Жоба-бұл келесі белгілермен сипатталатын оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекше түрі:

1. әлеуметтік маңызы бар міндеттің болуы
2. мәселені шешу бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау,
3. содан кейін студенттер өндейтін және түсінетін ақпаратты іздеу,

4. осы қызметтің нәтижелерін ұсынатын "өнімді" жобалау,
5. "өнімді» және аның әлеуметтік маңыздылығын таныстыру.

Міндет:

1. Оқушыларға осындай әдістерді игеруге көмектесу,
2. Алынған нәтижелерді кеңейтуге мүмкіндік беру
3. Өз бетінше білім алу
4. Ақпаратты жедел іздеу
5. Құрымлымдау, табу
6. Оңтайлы өңдеу алгоритмі
7. Шығармашылық дамуға ықпал ету
8. Әлеуетті оқушының қалыптасуына жағдай жасау
9. Өзін-өзі бағалау
10. Командада жұмыс істей білуге ,комсуникабальділік қасиетті қалыптастыру.

Жобалау әдісін педагогикалық технология ретінде қалыптастыратын болсақ, бұл зерттеушілік,ізденістік,шығармашылық, әдістердің жиынтығы ретінде білімнің өзін интеграциялауды ғана емес, оларды қолдануда интеграциялау және ол арқылы жаңа білімге қол жеткізуді қамтамасыз ететін технология. [3]

Жобалау әрекетін оқыту мазмұнына сәйкестендіре жүргізу–мектеп әдістемесіндегі жаңа тұрғы. Өйткені, білім беру мазмұны өз заңдылығы бойынша жылдар бойында қалыптасқан тұтас білім беру жүйесінің маңызды бір компоненті.

Мазмұндық компоненті ретінде ол оқыту әдістемесі, білім беруді ұйымдастыру кеңістігі мен уақыты, оқулықтар мен бағдарламалар, басқару мен қадағалау сияқты басқа да элементтермен үйлестіріліп, реттеліп отыратын тұтас құрылым немесе жүйеге қызмет етеді.

Сондықтан, білім беру мазмұнына өзгеріс ендіру білім беру жүйесінің барлық компоненттерін өзгертуді қажет етеді. Бұған қоса білім беруді басқару жүйесі, педагогтарды даярлау және қайта даярлау жүйесі құрылымдары да бұл жағдайда бұрынғы күйінде қала алмайды.

Бүгінгі білім беруге қойылатын жаңа талаптар оның мазмұнына өзгерістер ендіру қажеттігін тудырып отырғаны белгілі.

Барлығымызға белгілі, қазіргі білім пәндік принциппен құрылған, атап айтқанда, белгілі бір пәннің ғылыми–теориясы негізге алынып, ол мектеп бағдарламасына енгізілген.

Оқушылар мектептен әр пәннің ғылыми негізін игеріп, өз тандаулары бойынша одан әрі тереңірек, кеңірек білуге мүмкіндік алады. Оқушының игеретін білімі оқулықтарда негізінен теориялық, білімдік тұрғыдан құрылып, алған білімдерін пайдаға асыру жолдарына берілетін уақыт шектеулі болып келеді. Мысалы, биология сабағынан микробиология теориялары мен формулаларын өте жақсы игерген оқушы сол білімі негізінде микропрепараттар жасай алады деу қиын. Яғни, оқушылар «таза» білім алады: микроорганизмдер туралы біледі, қасиеттерін игереді, текстерді жаттайды, биологиядағы заңдарды жақсы біледі, т.б. Жобалау әрекетінің білімдік

тұрғыдағы әдістемелерден айырмашылығы сол, оның барысында оқушылар алған білімдерін тәжірибеде пайдаланады, яғни, білім алу, жатқа білу – мақсат емес, теориялық білім жобалау әрекетін жүргізудің құрамына айналады. [4]

Жобалау және рефлексия. Джон Дьюидің еңбектерінде жобалау әдісінің негізі қаланып, оның «тәжірибе» ұғымы арқылы таратылғаны белгілі. Бұл ұғым мәнісі күрделі болғандықтан философиялық категорияға жатады және оған дәл анықтама беру де оңай емес. Қарапайым түсінікпен айтқанда, «тәжірибе» дегеніміз – бұл белгілі бір әрекет немесе құбылыс, оның нәтижесі одан әрі болатын іс - әрекеттер мен оқиғаларды дамытудың шарты болып табылады. Мысалы, кез келген адамның басында болатын жағдайлар ізсіз кетпейді, белгілі бір әсерін тигізеді, ал кейбірі адамның бір нәрсеге үйренуі, сезінуі сияқты эмоциялық іздер қалдырады. Сонда ғана ол адамның өз тәжірибесіне айналады.

Дж. Дьюи түсіндірмесі бойынша адамның «тәжірибесі» барлық іс-әрекеттерінің әсері деуге болмайды, сондай-ақ, ол адамның бір нәрсемен танысуы, тоқталуы, талдау барысында қалыптасады. Бұл жердегі маңыздысы – тоқталу, назарын бөлу, жағдайды талдау әрекеттері. Жобалау әрекеті оқушылардың практикалық жұмыстары сияқты өзіндік тәжірибе алуына негіз болады. Жоба өзінен-өзі тәжірибеге айналмайды.

Жобалау тәжірибе алуға кепілдік бермейді, әйткені, ол рефлексия бола ма жоқ па, жобаға қатысушылар жобалық іс-әрекеттердің мән – маңызын жете түсініп те қамтамасыз ететіні белгісіз. Тәжірибе ретінде қалыптаспаған жоба өмірде болған оқиғаға ғана айналады.

Тәжірибе алу үшін–рефлексия деп аталатын тоқталу, қайта қарау, оқиғаны, құбылысты түсіну әрекеттерінің жүйесі қажет. Рефлексия–тек ойлану әрекетіне қарағанда күрделірек

Сондықтан, жобалау әрекеттеріне қосымша ретінде арнайы ұйымдастырылатын рефлексиялық сессия – жоба алдындағы, жоба барысындағы толқулар, т.б. жұмыстарды қажет етеді.


«Рефлексия» ұғымы педагогикалық әрекеттерде соңғы жылдары қолданыла бастады. Бірақ олардың көбінде ойлану, еске түсіру ұғымдары ретінде түсіндіріледі. Рефлексия - әрекеттердің, оқиғаның болған ретін еске түсіру ғана емес, олай болу себебі мен мағынасын анықтау әрекеті.

Ал, мағынаны түсіндірудің өзі түрліше болатындықтан, рефлексия да түрліше болады. Бұл жерде болып жатқан оқиғаға рефлексиялық көзқарасты қалыптастыру да маңызды.

Жобалау әрекетіндегі рефлексиялық көзқарас сол жобаның негізгі мағынасын тани білуді қажет етеді. Жобаның негізгі мағынасын құрайтын элементтер – жобалау идеясы мен іске асыруының байланыстылығы немесе мақсат пен нәтиженің бірлігі. Бұл байланыстар іс-әрекет туралы шешім қабылдау, оны орындау құралдарын таңдау, жобалау кезеңдерін құру, топ ішінде міндеттерді бөлісу жұмыстарынан тұрады. Осылардың барлығы да рефлексияның пәні ретінде қарастырылады.

Эмоциялық тұрғыдан алғанда рефлексияны «тас - талқан» қылып талдау, «шашып тастау» деген сөз тіркестерін білдірсе, рационалистік

тұрғыда–жоба идеясын дамытудың маңызды бөліктерін анықтау деуге келеді. Төмендегі 1- схемада көрсетілгендей, әрбір бөліктің өзінде бірнеше нұсқалар жатыр, ал, таңдап алған нұсқа нәтижеге қаншалықты тиімді әсер етті, басқаша болса нәтижеге қалай әсер етеді, одан нәтиже өзгере ме, мерзімі қысқара ма, өнім барлық талапқа сай ма? Міне, осы сұрақтар арқылы рефлексиялық көзқарас анықталады.



Сурет 1 - Жоба идеясын дамытудың маңызды бөліктері

Рефлексияның мәні - жобаны қорыту емес. Ол, біріншіден, жобалау барысын түгел талдайды; екіншіден, жобаның тәжірибеге айналуына ықпал етеді, жобаны бағалауға негіз болады.

Рефлексия бақылау арқылы жасалады. Жобаның бақылау барысында негізге алынатын дайын үлгісі болмайтындықтан, рефлексияның іске кірісетін жері – мәселенің пайда болуы. Бұл педагогтың жұмысы, өйткені, оқушылар мәселені байқамайды, не қиынсынып басқа оңай іске ауысып кетуі мүмкін. Педагог осы жағдайларды қадағалай отырып, рефлексия пайда болатын жерлерді белгілейді.

Тәжірибеге айналған, аяқталған жоба, болашақ жобаларға негіз болады, ондағы мәселелер алдағы жобаларда ескеріледі.

Оқыту үдерісіндегі жобалау әрекетін ұйымдастыру біздің педагогикалық қауым үшін жаңа, үйренбеген жұмыс, өйткені, ол оқыту үдерісінің құрылымын түгелдей жаңаша құруға бағытталған. Жобалау әрекеті білім беру кеңістігі - әрекет субъектілерінің қарым–қатынасы, әрекеттері, әрекетке қатысушылар құралы мен әрекет ұйымдастырылатын бөлмені де құрайды.

Дәстүрлі білім беру жағдайында кеңістік мұғалімнің оқушыға тікелей білім беру мақсатына қызмет етеді, соған ыңғайластырады. Онда білім беруші, білім алушы рөлдері өте нақты болғандықтан, оның техникасы мен әдістемесі бір жақты болады.

Сынып кеңістігінің ұйымдастырылу принципі педагогты басты тұлға ретінде ала отырып, оның кәмекші құралдары тақта, демонстрациялық стол, соған қарама–қарсы отыратын оқушылар да мұғалімге ыңғайлы болуы үшін құрылады.

Оқушылардың қатар–қатар отыруы сабақ барысында бірлесіп әрекет етуге мүмкіндік бермейді, бұл кеңістік оқушы мен мұғалімнің қарым–қатынаста ғана қолайлы. Мұндай құрылымдық кеңістік дәстүрлі оқытудың міндеттеріне сай құрылған және онда оқушы сабақты түсіндіруші, балалар жазып алушы, орындаушы.

Парталардың орналасуы да мұғалімнің кез келген оқушыны кез келген уақытта дәптерлерін оқуға, қателерін қарап жүруге құрылған. Ал, жобалау әрекеті білім беру кеңістігінің басқаша түріне, атап айтқанда:

- біріншіден, типпен жұмыс түріне лайық болуын қажет етеді;
- екіншіден, әр топ өз жобасын орындайтын болғандықтан, әр топтың жұмыс орны бөлек болғаны жөн;
- үшіншіден, жобаны орындауда ақпараттар, мәліметтер жинау және оларды талдау қажет болғандықтан, жұмыс орны компьютер желісіне, кітапханаға, медиатекаға т.б. ақпараттар кәзіне шыға алатындай болуы керек;
- төртіншіден, жобалау әрекеті негізінен белгілі бір өнім алумен байланысты болғандықтан, зертхана, шығармашылық шеберханасы, т.б. оқушылардың өз қолдарымен өнім жасауға мүмкіндік беретін орындар болғаны жөн;
- бесіншіден, жобалау қызметі міндетті түрде өнімді, нәтижені презентация жасаумен аяқталады.

Сондықтан оқу коммуникациясының жаңа түріне конференц-залдар, байқаулар, есеп беру шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кеңістік қарастырылады. Жоба презентациясы басқа да оқушылар, педагогтардың жаппай қатысуын талап етеді.

Бүгінгі таңда мектептердің құрылымы класс – сабақ жүйесіне негізделгендіктен, аталған жобалау кеңістігін мектептегі бар мүмкіндік арқылы ұйымдастыру қажет болады. Мысалы, сабақ кестесіне өзгерістер, кітапхана мен зертханаларды жаңаша ұйымдастыру, т.б.

Қорыта айтқанда жобалау әрекеті барысында оқу әрекеттері дәстүрлі сынып кеңістігімен кеңірек жүргізіліп, сынып – сабақ жүйесін жаңаша құруға ықпал етеді [4,207].

Жобалау әрекетіндегі уақыттың ұйымдастырылуы

Оқытудың құрылымдық кеңістігінің тағы бір бөлігі – уақыт. Білім беруде уақыт өте нақты белгіленгені белгілі, мысалы, сабақтың сыныпта немесе үйде орындалу уақыты бар, мектепте және мектептен тыс орындалатын шаралар да уақыты, сабаққа даярлану уақыты, сондай-ақ жеке өзіне арналған уақыттары белгіленген. Тиімді ұйымдастырылған жобалау қызметінде қатысушылардың уақытты тиімді пайдалану жоспарланады. Әйткені, жобаға қызығу деңгейі жоғары болған жағдайда оқушылар беріле кірісіп, өз уақыттарының көбін оған арнауы мүмкін. Осы жағдайда оқушыларға уақытты пайдалану, өзге де маңызды істерді уақытында орындалуы қадағаланады.

Сондықтан, педагогтар жобаны орындаудағы компоненттері–жұмысты ыңғайлы кестемен орындау, уақытын, кәлемін, ұзақтығын ескеруі қажет. Одан басқа, ресурс ретінде оның әрекеттері мен жобалау әрекеттерінің бірін–бірі толықтырып отыратын ерекшелігін пайдалануға болады.

Мысалы, жобаның барлық компоненттерін тұтас сақтау бастауыш мектептерде мүмкін емес. Ондағы басты мүдде–оқушыларға шағын шығармашылық тақырыптар беру арқылы сабақ оқуға маңызын арттыруға болады. Бұлар қысқа мерзімді тапсырмалар, мини–жобалар–кіші жастағылар

үшін сабақ үстінде өткізіліп, оқу жоспарына енгізілсе – олар оқушыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Негізгі мектепте 5–6 сыныптарда нақты жоба жасау басталады, олар жобаның өзін жасауға кіріседі. Міне, осы кезден бастап оқушылар үшін өз уақытын басқару қажеттігі пайда болады [209].

Жобалау барысындағы уақытты басқару талаптары негізінен жоспарлау және бақылауды орындауда қойылады. Мысалы, белгілі бір әрекеттерді орындауда жүргізілетін мониторинг кейбір жұмыстардың өз мерзімінде аяқталмайтынын, кейбір әрекеттердің бірін–бірі қайталауға әкелетіні, ал кейбірін орындауға аз уақыт қажет болатыны, яғни, тәжірибеде тиімсіз деп табылған істерді өзгерту керектігі анықталады. Одан кейін тиімділікпен ұйымдастыру қарастырылып, жаңа нұсқамен жұмыс істеуге болады.

Оқушылардың жобалау әрекетінің бірнеше қарапайым ережелері оқушыларға түсіндірілсе, олардың игеріп алуына жағдай жасалады.

Біріншісі, ең алғашқы жасайтын жобаларынан бастап, оның орындалу мерзімін анықтап алу қажет. Соңғы нәтиже 211 (өнім) тек қана белгіленген мерзімде қабылданады, кешігу болуы тиіс емес. Педагогтар оқушыларға жоба мерзімінен кешіксе олардың бағалары төмендейтінін ескертуі керек;

Екіншісі, жобалау кезеңдерін белгілеп, оның әр кезеңінің аяқталу уақыттары анықталады. Сонымен қатар, осы жерде әрбір кезеңнің нәтижесі белгіленеді (мысалы, жоба идеясын қорғау, эскизін қорғау, орындалу құралдарын таңдау, т.б.);

Үшіншісі, оқушыларға педагогтан көмек, кеңес алу мүмкіндігі беріліп, оның кестесі де күні бұрын келісіліп, белгіленеді;

Төртіншісі, бұл педагогтың міндеті–оқушылардың жоба жұмысын бастан–аяқ қадағалап отыру, топпен жұмысты бақылау, пән бойынша немесе басқа адамдармен қарым– қатынасы жобалау барысы, т.б. түгел қамтылып отыруы тиіс, қажет болған жағдайда, араласу, қолдау қажет;

Жалпы алғанда, жобалық жұмыс сабақ үстінде, сабақтан тыс, бос уақыттарын да қамтып, кеңейе беретін әрекет екенін түсінгенде оның уақыттық талаптарын сақтауға болады [4,211].

Әдебиет:

1. <https://stud.kz/referat/show/108661#&gid=1&pid=19>
2. <https://moluch.ru/conf/ped/archive/20/1390/>
3. Борибеков, К. К. Профессиональное образование Казахстана: опыт и перспективы [Текст] / К. К. Борибеков, А. К. Кусаинов, Н. А. Шамельханова. - Алматы : Rond&A , 2011. - 240 с.
4. Бахишева, С. М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы [Текст] : оқулық / С. М. Бахишева. - Алматы : Дәуір, 2011. - 336 б. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы).
5. Губайдуллина, Г. Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі [Текст] : оқулық / Г. Н. Губайдуллина . - Алматы : Дәуір, 2011. - 328 б. : кесте. - (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі).

6. Гуслова, М. Н. Инновационные педагогические технологии [Текст] : учебное пособие для студентов средне профессиональных учебных заведений / М. Н. Гуслова. - М. : Академия, 2010. - 288 с.
7. Джонсон, Д. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве [Текст] / Д. Джонсон, Р. Джонсон , Э. Джонсон-Холубек . - СПб. : Экономическая школа, 2001. - 256 с.

«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ЖАҒДАЙЫ»

У.С. Жунусова

Павлодар педагогикалық университеті,

zunusovaulbosyn@gmail.com

Аннотация. *Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Танымдық белсенділік дегеніміз - оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным - ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Таным теориясы оқу әрекетіне тікелей қатысты. Сабақтарда танымдық іс-әрекеттерін белсендіру жағдайлары қарастылады..*

Кілт сөздер: *білім, танымдық, диагностикалық, коммуникативтік, коррекциялық, дидактикалық*

Аннотация. *Считается, что основным фактором развития познавательной активности учащихся начальной школы является не только степень их знаний и умений, но и потребность в запуске процесса обучения, позволяющего сформировать важные психические функции ребенка, методы умственной работы. Познавательная деятельность является особым проявлением энтузиазма школьника к обучению и образованию. И, «познание есть сложный процесс поля разума, стремящийся не от незнания к знанию, а от знания к более точному знанию»..*

Ключевые слова: *знания, познавательные, диагностические, коммуникативные, коррекционные, дидактические.*

Аннотация. *It is believed that the main factor in the development of cognitive activity of primary school students is not only the degree of their knowledge and skills, but also the need to start the learning process, which allows the formation of important mental functions of the child, methods of mental work. Cognitive activity is a special manifestation of the student's enthusiasm for learning and education. And, "knowledge is a complex process of the mind field, striving not from ignorance to knowledge, but from knowledge to more accurate knowledge."*

Key words: *knowledge, cognitive, diagnostic, communicative, corrective, didactic.*

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты - білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз - жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым: «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық үрдістерін дамыту жолдарын айқындап көрсету».

Танымдық белсенділік дегеніміз - оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным - ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Таным теориясы оқу әрекетіне тікелей қатысты. Білім игеру әрқашан таныммен байланысты келеді. Оқу - танымдық іс - әрекет - бұл арнайы оқушының өзі ұйымдастырған және адамзат баласы жинақтаған мәдени байлықты игеру мақсатында сырттай тану. Оның пәндік нәтижесі ғылыми білім, білік, дағды, тәртіп үлгісі және оқитындар меңгеретін іс - әрекеттер түрлері болып табылады.[1, 56б.]

Оқу - танымдық іс - әрекет педагогикалық процестің құрамды бөлігі. Оқу-танымдық іс әрекетке, педагогикалық процеске оқушының әлеуметтік болмысының ең маңызды, мәнді бөлігін қамтиды, бұл ұғымды көптеген ғылымдар: философия, әлеуметтану, психология, педагогика, білім беру философиясы, педагогикалық психология т.б. қарастырады. Оқу - танымдық іс - әрекетін ұйымдастыруда оқушыларды ғылымдар, білімдер жүйесімен, іскерлік дағдылармен қаруландыру, ақыл - ой, ерік - күш жігерін, психикалық процестерін: зейінін, есін, қабілетін дамыту, іс - әрекетті орындаудың нақты амал әрекеттерін пайымдау, дүниетанымын және жеке басын дамыту жолдарын, қалыптастыру тәсілдерін зерттейді. Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым - қатынастың маңызы ерекше. Оқушының ой - пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады, мұнда бағыт - бағдар беру, істің дұрыс - бұрыстығын анықтау педагог тарапынан болуы шарт. Оқушының танымдық ынтасын құптау, оған сенімділік таныту - оның мінез - құлқында тұрақтылықты, өзін - өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, ұстамдылық пен сабырлықты, өзіне - өзі талап қоя білуді, үйретеді. Оқушының танымдық іс - әрекет құрылымын: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс - әрекеттен тұрады. Оқушы қоғам өмірінде маңызды іс - әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның оқу - танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің

дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан оқушының іс-әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың іс - әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат оқушы іс - әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы - кітаптар, лабораториялық құрал-жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, жоғары интеллектуальды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау) жатады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінде қалыптасады. Белсенді оқу - танымдық іс - әрекетінің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу болып табылады. Демек, оқушылардың оқу - танымдық белсенділігін қалыптастыру - оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Оқушының белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты. Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз - оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл - қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы). Жеке оқушының белсенділігіне жасалған талдау негізінде белсенділікті жеке тұлғаның сипаты деп айқындауға негіз беретінін атап өтеміз, ол адамның әрекетке қатынасынан көрініс табады, бұл әрекет етуге дайын болушылық, ұмтылушылық, оны жүзеге асыру сапасы, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдау. Оқудағы белсенділік оқып - үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой - сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау) оқып жатқан материалды түсінумен бейімделінеді.

Оқушының танымдық белсенділігі өз кезегінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Оқу барысында оқушының танымдық белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас - ынтасын, шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Оқушының қабылдауы, негізінен мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың жаңа материалдарды қабылдауына негіз болатындай етіп даярлық жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың оқу - танымдық қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Оқушының өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекетін белсендіруде оқу материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып,

оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекетін белсендірудің шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор.

Оқыту үрдісінде оқушының оқу - танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін барлық қажетті шарттарды: білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды, қажетсізінді қалыптастыратын шарттарды, өзін - өзі бейімдеу шарттарын, проблемаларды шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуге тиіс. Оқу - танымдық белсенділіктің деңгейлерінің даму барысы дәл анықталуы, мүмкіндігінше неғұрлым дәл бақылау өлшемдеріне ие болу үшін қажет. Бұл адамның «ішкі» мүмкіндіктерін «сыртқы» факторлар арқылы жарыққа шығару нәтижесінде жүзеге асады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, өз бетінше үздіксіз білім алудың қажетті жағдайы ретінде оқу - танымдық белсенділікті қалыптастыру болып табылады. Алайда, мектептерде оқушының осы қасиеттерін дамытуға байланысты бағытталған оқушылардың өзіндік жұмысының жүйесі әзірге қалыптасқан жоқ. [4, 128б]

Егер баланың қызығушылығы жайында жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшандайды. Біз бұл жерде Л.В. Занковтың идеясын негізге алдық. Ол баланың қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әртүрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын зерттеуімізге басшылыққа алдық. Тарихи ескерткіш мұраларға жүргізілген саяхат - сабақтар мен экскурсиялар баланың танымын қалыптастыруда негізгі орын алатынын практика барысында айқын байқадық. Әртүрлі жүргізілген саяхат жұмыстары бастауыш сынып оқушыларының ынтымақтастығын жетілдіре түседі. Бұл туралы психолог Л.С. Выготский «Дербес жұмыс істегеннен гөрі бала ынтымақтастықта күштірек әрі ақылдырақ болып, ол өзі шеше алатын интеллектуалды қиындықтар деңгейі жөнінен биікке көтеріледі...», - дейді. [2, 42б]

Бастауыш мектепте оқыту процесінде дидактикалық ойындар әрі оқу, әрі ойын қызметін қатар атқарумен ерекше орын алады. Ойын - балалар әрекетінің бір түрі. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мақсатындағы қарым - қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным процесіне әсерін тигізеді.

Ойын - оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. «Ойын» ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез - құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде әс - әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

Ойын - сауық•

Коммуникативтік немесе қарым - қатынастық•

Диагностикалық (ойын барысында өзін - өзі тану)

Коррекциялық (өзін - өзі түзету)

Әлеуметтендіру Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы.

Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін

жетілдіреді. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, әрі түсінікті болады. Ойын сабақтары оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, танымдық қабілетін дамытуға үйретеді.

Оқушыларды ұлттық танымдылыққа тәрбиелеудің нақты жолдары төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

а) дидактикалық ойындарды ұлттық тәлім - тәрбие көздерімен ұштастыруда жұмбақтарды, мақал - мәтелдерді, халықтың даналық, өсиет сөздерін оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

ә) көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

б) дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың тіл мәдениетін жетілдіру керек.

Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекетін белсендіруде мынадай жұмыстар жүргізіледі.

«Сөз қуаласпақ», «Ұйқасын тап», «Жалғасын тап», «Жоғалған сөз», т.б. дидактикалық ойындар қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. «Сөз таптары», «Сөйлем түрлері» тақырыптарын өту барысында тірек сызбалар да балаларға ерекше әсер етіп, оқуға деген құштарлықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыруға себепші болады. Ана тілі сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда шығармашылық сипаттағы тапсырмалар ерекше мәнге ие болады. [3, 86б.]

Сонымен, ана тілі сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру үшін басты назарға алатын нәрсе:

- өлең шығаруға үйрету;
- ұйқасын тапқызу, сөзбен - сөзді байланыстыру;
- ой тастау.

Дүниетану сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда хрестоматиялық материалды пайдаланудың мәні өте зор. Оқушылар тақырыпқа сәйкес көркем әңгімелерді, өлеңдерді, ғылыми - көпшілік кітаптарынан алынған сипаттамаларды, қызықты деректерді ықылас қойып, зор ынтамен қабылдайды. Соның арқасында олардың пәнге деген қызығушылығы артады, ой - өрісі кеңейіп, қоршаған орта туралы білімдері жаңа деректермен молая түседі.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша жүргізілген талдаулар мынадай өлшемдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- ғылыми және пәндік білімдерінің болуы;
- танымдық іс - әрекет тәсілдерін игеруі;
- танымдық тапсырмаларды орындауда оны жоспарлай алуы;
- танымдық іс - әрекетті ұйымдастыр білуі;
- танымдық іс - әрекеттерді орындауда ұйымдастыру амал - тәсілдерін білу және оны жаңа жағдайда пайдалану;
- танымдық тапсырмаларды орындауда оны алдын - ала болжау, нәтижесін елестету және маңыздылығына сын баға беру;

Осының бәрін ескере отырып, оқушылардың қабілеттеріне байланысты өз бетімен іздену мен қызығушылығын арттыру мақсатында берілетін тапсырмаларды оқушының деңгейін ескере отыра дұрыс ұйымдастыру.

- жеке дара тапсырма беру барысында;
- үй тапсырмасын беру барысында

Мұндай тапсырмалар беру арқылы мұғалім қабілеті төмен оқушының танымдық іс - әрекетінің жоғарылануын байқайды. Оқыту мен тәрбиенің негізгілерінің бірі ретінде баланың идеяларын қолдау арқылы оның барлық кезде міндетті түрде өзімен өзін салыстырып отыру қажет. Мысалы: «Маратқа қара, ол қалай жақсы оқиды», деп айтпай. «Кешегіге қарағанда бүгін сен тапсырманы жақсы орындадың», «сенің қабілетін жетеді» тағы басқа осындай мақтауларды пайдалану қажет. Бұл оқушының ішкі танымдық іс - әрекеттері мен сыртқы даулы жағдайды шешуге көмектесетін оқу - тәрбие принципі. Оқыту процесінде өзіне мақсат қойып, оны орындауға тырысады.

Әдебиет:

1. Асылжанова М.А Танымдық іс-әрекет мектепке бейімделудің басты факторы. Алматы 1999
2. Тоқсанбаева Н.Қ Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы Алматы 2001
3. Мөженақова М.С Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде Қарағанды 2004
4. Б. Рақымова Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту \Бастауыш мектеп 2000
5. Мустафина .Ф Оқушының танымдық белсенділігі және ізденісін қалыптастыру 2005
6. Нұралиев Т.К.– «Оқыту әдістері лекциялар жинағы» Алматы 1991ж
7. Дүйсенбаев А. Педагогика: Оқулық/А. Дүйсенбаев. - Астана: Фолиант, 2018.

«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ»

А.М. Жұмабек

Павлодар педагогикалық университеті,

aruzhana2002@bk.ru

***Аннотация.** Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу.*

***Кілт сөздер:** жан жақты дамыған тұлға, фундаменталдылық, интеллектуальды, визуалдар, аудиалдар, кинестетик.*

Аннотация. *Итак, главное в новом образовании – это развитие способностей и гибкости человека на основе образования и самообразования. В новой образовательной парадигме важнейшую роль в обеспечении интересов человека играют целостность, направленность и сильная валидность (фундаментальность). Основная цель современного студента, особенно школьника, - уметь находить самую основную, содержательную информацию из многих предметов, среди огромного моря информации в них.*

Ключевые слова: *развитая личность, фундаментальность, интеллектуальное, зрительное, аудиальное, кинестетическое.*

Annotation. *So, the main thing in the new education is the development of human abilities and flexibility on the basis of education and self-education. In the new educational paradigm, integrity, direction and strong validity (fundamentality) play the most important role in ensuring human interests. The main goal of a modern student, especially a schoolchild, is to be able to find the most basic, meaningful information from many subjects, among the vast sea of information in them.*

Keywords: *developed personality, fundamentality, intellectual, visual, auditory, kinesthetic.*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеяларынан (жан жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім алу парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін таба білу. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін 2006-2009 жылдарында даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сыймайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде

ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану; проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру. Қазіргі заманғы үздіксіз өзгеріп жатқан жағдайында жоғары мектеп өз әрекетінде білім алушылардың зияткерлік (интеллектуалды) қабілеттерінің дамуына бағытталуы қажет. Өз кезегінде бұл қасиет білім алушыларға «техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістер мен олардың сан алуандығын саналы түрде түсініп, бастамашылдық, кәсіпкерлік рух пен икемділік секілді қасиеттерді қабылдап, қазіргі заманғы өндірістік ортада өзіне сенімді түрде еңбек ету мүмкіншілігін береді». Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асының басты шарты. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып, өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШта) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын, бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Қазіргі уақытта қазақстанда білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасуда. Модульдік оқу технологиясының негізі білім алушының танымдық белсенділігін, танымдық іс әрекеттерінің әртүрлі іс әрекеттерін ойлау, зейін, қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік 130 байлықтарын дамыту.[1-76 б]

Адамзаттың өзі жаңа сапаға ауысты. Қарым-қатынас стилін өзгерту талабы туындады. Әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Көру арқылы ой қорытатындар (визуалдар), есту арқылы пікір жинақтайтындар (аудиалдар) болады. Біреулері көргенін тез қабылдап, біреулері естігенін есте сақтайды.

Сонымен қатар балалардың кинестетик деп аталатын тағы бір тобы бар. Олар бәрін өздері қолдарымен ұстап, бақылап жылжытып, өзі жасағанды ұнатады.

Ал көбінесе біздер балалардан қозғалмай отыруды талап етеміз. Мұндай жағдайда кинестетиктер ешнәрсені жөнді ұға алмайды. Сонан кейін оқуға деген қабілетін жоғалтады.

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады... Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады». Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» — деп атап көрсетті. Ендеше білім беруде мұғалім білігі мен білімі мол мамандыққа дәл мұғалімге қойылғандай жоғары талаптар қойылмайды.

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің, келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Бүгінгі таңда мұғалімдер басшылыққа алатын ресурстар, әдістемелік нұсқаулықтар баршылық. «Сол әдіс-тәсілдерді қалай пайдалану керек және қайтсек ол нәтижесін береді?» тағы басқа да сауалдарға шамамыз келгенше жауап беріп көрейік. «Егер оқытуды біреудің басынан басқаның басына білім тасымалдау деп түсінсек, онда адамды ешнәрсеге де үйретуге болмайды» — деген Платон бір сөзінде. Сол себепті қазіргі заманауи тәсілдерді енгізе білу мұғалімнің жасампаздық қабілетінің артуына үлкен әсерін тигізеді сөзсіз. Мұғалімнің шығармашылығы дами отырып, оқу үрдісінің сапалылығы артады және оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас стилі өзгереді, жаңа сатыға көтеріледі. Жаңа тәсілдерді білім беру үрдісіне енгізу – көзқарасымызды өзгертуге бағытталған үрдіс.

Әлемдік білім беру жүйесі де жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында жан-жақты сипатталған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу». Тұлға дамуы оның белсенділігімен тығыз байланысты, өйткені адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды елейді, ескереді, есте сақтайды. Кеше тұлғаның «миы», «басы», «ақылы», «интеллекті» бірінші орында еді, ал бүгінде адамды бағалауда біз бірінші кезекте оның ішкі дүниесін, рухани ахуалын, адамгершілік қасиеттерін ескереміз. Абайдың «Адам бол» деген рухани қағидасы бүгінде білім игеру жүйесінің басты қағидасына айналып отыр.

Білім беру реформаларын сапалы жүзеге асыру жолдарын қарастыруда әлем елдерінің, соның ішінде, Жапонияны алатын болсақ, біздің балаларымыздың білім сапасы Жапония елінің білім сапасынан айтарлықтай төмен екендігі анықталған. Олар біздің оқушыларымызға қарағанда едәуір аз пән оқиды. Жапонияда жеке тұлғаның эмоционалдық бет-бейнесін

калыптастыратын пәндер 70%-ды құрайды. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесіне айтарлықтай көп уақыт бөлінеді [2-56 б].

Мұғалім мен тұлға арасындағы қарым-қатынаста рухани-адамгершілік байланыс орнатып, ынтымақтастыққа қол жеткізуде Ш. Аманашвили мұғалімдерге мынадай кеңес береді: «Педагогикалық үдерісте баламен тіл табыса білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңілдегісін айтуға рұқсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұласып кетеді. Мұндай жағдайда мұғалім мен оқушы арасында тұтастық пайда болады» — деп рухани-адамгершілік қай кезде орнығатынын пайымдайды.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Оқушының дамуына әсер етуші әлеуметтік фактор негізінде оқушы, мұғалім, ата-ана, басқа пән мұғалімдері ынтымақтасуы керек.

Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі, дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқытунұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Бұл оқу үрдісі мен оқытушының жұмысына мынадай өзгерістер туғызады: біріншіден, оқушы мен оқытушы оқудың ұйымдастырушысына айналады; екіншіден, мұғалім сабаққа алдынала зерттеу жасап, уақыттың көпшілігін сабақты даярлауға жұмсайды да, сабақ барысында тек бақылаушы, үйлестіруші қызметін атқарады. Ал дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда білім алушының сабаққа «таза парак» күйінде келіп, оқытушының оны сабақта біліммен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсінеді. Шәкірт сабақта ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысады. Инновациялық оқу оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғарғы талаптар қоюда. Жаңа оқыту технологиясын меңгеруде оқытушылардың, педагог қызметкерлердің жан жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы педагогикалық процесте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін тез меңгере алатын, білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері өсіп келе жатқан жас тұлғаны жан жақты дамыту. [3-145 б] Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге

әкелу. Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы ғана болса, ал қазіргі білім алушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық іс әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта білім мазмұнын жаңарту мен сапасын жаңа деңгейге көтеру мақсатында оқытудың педагогикалық технологиялары арқылы оқыту әдістерінің 50ге жуық үлгілері ұсынылып, мектеп тәжірибесіне енгізіле бастады. Педагогикалық технологиялар көптүрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі теориялық негізде орындалуы, екіншісі тәжірибемен жүзеге келуі. Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдарымыз Ш.Қаланова, Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М.Жанпейісова, Ә.Жүнісбек және т.б. ғалымдарымыздың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан жақты қарастырылды. Оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, адамгершілік, азаматтық сияқты көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Оқушының өз бетімен білім алуына, өзіндік ой пікірін қалыптастырып, қорытынды жасай білуін, өз білімін өзі бағалай білуіне, қисынды ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық іс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Подласый И.П. Совершенствования методов обучения. в кн.: Выбор методов обучения в средней школе / под ред. Ю.К. Бабанской. Москва, 1991.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно воспитательного процесса. Методические основы. Москва, 1982.
3. Курт Мередит, Джинни Стил, Чарльз Тэмпл, Скот Уолтер. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құрал. Алматы, 2000.
4. Б. Рақымова Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту \Бастауыш мектеп 2000

«ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДЕ МҰҒАЛІМНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ»

М.Қ. Зияда¹, Б.М. Жапарова²
Павлодар педагогикалық университеті,
ziyada.moldir@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Кілт сөздер: жаңартылған оқу мазмұны, кәсіби қызмет, жаһандық білім беру, әдіснамалық тәсілдер.

Аннотация. В настоящее время в суверенной стране разработана новая система образования, направленная на проникновение в мировое образовательное пространство. Это связано со значительными изменениями в учебно-воспитательном процессе. Это связано с тем, что изменилась парадигма образования, обновляется содержание образования, появляется новый подход, новые отношения. Одним из важных вопросов является овладение педагогами научно-педагогическими основами инновационной деятельности в воспитании и образовании, отвечающих требованиям общества. В эпоху ускоренного развития науки и техники, усиления потока информационных данных главной задачей образовательных учреждений становится формирование умственных способностей, развитие способностей, талантов человека. Он придет с плодами неутомимой любознательности и творчества преподавателя, который нуждается в обновлении, как воздух в сегодняшнем образовательном пространстве. Поэтому в зависимости от способностей каждого учащегося должен быть сделан большой поворот к овладению обновленными педагогическими технологиями, осуществляющими образование, воспитание его самостоятельности, любознательности, творчества. Ведь организация учебного процесса на уровне государственного образовательного стандарта обязывает внедрять новые педагогические технологии.

Ключевые слова: обновленное содержание обучения, профессиональная деятельность, Глобальное образование, методологические подходы.

Annotation. Currently, a new education system has been developed in the sovereign country and is moving towards integration into the world educational space. This is due to significant changes in the educational process. This is due to

the fact that the educational paradigm has changed, the content of education is updated, a new approach, a new relationship is emerging. One of the most important issues is the mastery of the scientific and pedagogical foundations of innovative activities of teachers in the upbringing and education of the next generation in accordance with the requirements of society. In an age of rapid development of Science and technology, the flow of information data is increasing, the main task of educational institutions is to form mental abilities, develop human abilities and talents. It is necessary to update the educational space of today with the fruits of tireless research and creativity of the teacher. That is why it is necessary to take a great step towards mastering the updated pedagogical technology, which, depending on the abilities of each student, will teach him independence, curiosity, creativity. After all, the organization of the educational process at the level of the state educational standard obliges to introduce new pedagogical technologies.

Key words: *updated educational content, professional activities, Global Education, methodological approaches.*

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді.[1]

Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы.[2]

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.[3]

Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.[4]

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

– жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.[5]

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-

техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда шығармашылық тапсырмаларды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Алдымызға қойған мақсат мектеп оқушыларына шығармашылық тапсырмаларды бере отырып, балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға негізделген жұмыс түрлерінің әдістемелік жүйесін жасау. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгертетін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың таным белсенділігін жандандыратын, оқшылардың қиялын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға арналған шығармашылық тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса, сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне мүмкіндік туады.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Әдебиет:

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2012.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2011
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2014
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2013.

«РОЛЬ ИГРЫ В РАЗВИТИИ И ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»

Р.М. Каримова

**Павлодарский педагогический университет, г.Павлодар,
Бекжанова Б.Ж.**

Кызылординский университет им. Коркыт ата, г. Кызылорда
karimovaraushan@mail.ru

***Аннотация.** Статья посвящена роли игры в развитии и воспитании детей дошкольного возраста, подразделению игр на сюжетно-ролевые, театрализованные, дидактические, музыкально-дидактические и другие игры. Использованию игр в общем развитии детей дошкольного возраста.*

***Ключевые слова:** игра, дошкольное воспитание, воспитание детей, умения и навыки.*

Танымдық белсенділік дамудың биологиялық, психофизиологиялық және әлеуметтік жағдайларының өзара байланысын біріктіреді. Танымдық дамудың жетістігі балалардың танымдық белсенділігіне, олардың танымдық іс-әрекетіне, қызығушылығына, ынтасына байланысты. Эмоциялар осы процестің қозғаушы күші болып табылатын таным процесін белсендіре алады. Балалардың қызығушылығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олардың ынтасы жоғары болады, демек, олар айналысатын әрекеттердің тиімділігі де жоғары болады.

В.В.Авсейковамен келісе отырып, біз табиғи объектілерді сенсорлық қабылдауды дұрыс ұйымдастыру арқылы бізді қоршаған дүние, жануарлар

мен өсімдіктер туралы, табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы нақты түсініктердің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етуге болатынын түсінеміз [1, 21 б.].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау танымдық белсенділік білімге құштарлық, психикалық шиеленіс пен ерікті күш-жігердің көрінісі сияқты қасиеттермен сипатталатынын көрсетті.

1-суретте балалардың танымдық іс-әрекетінің сапалық сипаттамалары көрсетілген.



Сурет 1. Балалардың танымдық іс-әрекетінің сапалық сипаттамалары

Балалардың танымдық іс-әрекетінің дамуына әлеуметтік орта, баланың жақындарымен бірлесе ұйымдастырған іс-әрекетінің көлемі мен сипаты, тәрбиелеу мен оқыту процесі, сонымен қатар баланың өзінің әрекеттегі белсенді позициясы әсер етеді. Осыған байланысты танымдық белсенділікті баланың заттар мен құбылыстарға таңдамалы танымдық бағдары, адамның танымдық, эмоционалдық және ерікті сфераларының жиынтығы болып табылатын күрделі формация ретінде айтуға болады [2, 63 б.].

Танымдық белсенділік баланың жаңа тәжірибеге деген қажеттілігінен туындайды. Мектепке дейінгі жаста осы қажеттілік негізінде балаларда мүмкіндігінше жаңа нәрселерді білуге, ашуға деген ұмтылыс қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста бала өзін қоршаған дүниені ойын, іс-әрекет, еңбек тапсырмалары, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау, қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау арқылы біледі. Осындай білімнің нәтижесінде балаларда табиғат, қоршаған әлем, басқа адамдар және өздері туралы түсініктер қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған шындықты тану процесінің кезеңдері баланың тұлғалық дамуы тұрғысынан келесі схема бойынша құрылады: «Қызығушылығы – қоршаған ортаны қабылдаудың мәнділігі – көрнекі-бейнелі ойлау мен қиял-танымдық белсенділікті қанағаттандыру» [3, 84 б.].

Танымдық іс-әрекетке қатыстыра отырып, балалар белгілі бір мәселе бойынша өз позициясын қорғай отырып, талдауға, сұрақты дұрыс қоюға, дәлелдер келтіруге үйренеді, жеке құбылыстар мен қоршаған орта объектілері

туралы білімдерін кеңейтеді және тереңдетеді. Сонымен, танымдық белсенділік танымдық іс-әрекетті дамытады, балаларды өз бетінше ізденуге, жаңа білімді ашуға үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру тұрғысынан ең жақсы нәтижеге жету үшін барлық әдістерді, нысандарды және тәсілдерді педагогтар жиынтықта, әртүрлі вариацияларда қолдануы керек. Тек осы жағдайда ғана балалар тұрақты когнитивтік қызығушылықты көрсете алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін жандандырудың маңызды әдістерінің бірі - табиғатты бақылау. Бақылау – мектеп жасына дейінгі балалардың ең қызықты және табиғи әрекеті. Іс-әрекеттің кең сенсорлық негіздері оны осы жастағы балаларға қолжетімді етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру құралы ретінде бақылауды қолдану мыналардың дамуын қамтамасыз етеді:

- балаларды танымдық процесстің жетекшісі ретінде, оның әртүрлі формалары арқылы қабылдау: көру, есту, тактильді, кинестетикалық, иіс сезу;
- ойлау мен сөйлеудің көрнекі-тиімді, көрнекі -бейнелі түрлері.

Табиғатты бақылау жалпы психикалық даму мүмкіндіктерін анықтайды. Ал балалардың қалыптасып келе жатқан білімдерінің толықтығы мен сәйкестігі табиғатты бақылауда қамтамасыз етіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін бақылаулар табиғат пен оның құбылыстарына ең маңызды «бағыт» болып табылады. Олар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, табиғат тіршілігінің қыр-сырынан мол мағлұматтармен ой-өрісін байытады.

Бақылау арқылы баланы табиғат әлемімен таныстыра отырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары балалардың табиғатты танып-білуге, жануарлардың тіршілігіне қызығушылығын, оларға көмектесуге деген ынтасын оятады, кез келген, тіпті ең алдымен, өмірдің бірегейлігін көрсетеді, пішін, маусымдық өзгерістерді, табиғатты сақтау, құрметтеу және күту қажеттілігін көрсетеді [5, 35 б.].

Тәрбиешілер балаларды заттарды салыстыруға шақырып, ұқсас белгілері бойынша топтарға біріктіріп, көргендерін жіктеп, талдаса, бақылау балалардың танымдық іс-әрекетінің жандануына ықпал етеді. Табиғатты бақылаудың тиімділігін арттыратын маңызды шарт – барлық сезім мүшелерін (көру, иіс, жанасу) бір мезгілде қабылдауға қатысу.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары қойылған міндеттерге байланысты бақылаудың әртүрлі түрлерін қолдануы керек. Әртүрлі себептерге байланысты бақылау әдісінің жіктелуінің негіздері бар (2-сурет).



Сурет 2. Бақылау әдісінің жіктелу негіздері

1. Білімді меңгеру кезеңдері бойынша бақылаулар бастапқы, қайталау, жалпылау болып бөлінеді.

Алғашқы бақылаулар жаңа затпен танысу, атауы, сыртқы түрі мен мінез-құлқының жеке ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Балалардың жануарлар, өсімдіктер, жансыз құбылыстар туралы түсініктерін нақтылау, толықтыру, кеңейту мақсатында қайталап бақылау жүргізіледі. Жалпылау бақылаулары балалардың алдыңғы бақылаулар барысында алған ойларын жүйелеу, жалпылау үшін жүргізіледі.

2. Ұзақтығы бойынша бақылаулар келесідей бөлінеді:

- қысқа мерзімді (бірнеше минут ішінде)
- ұзақ мерзімді (бірнеше күннен бірнеше айға дейін).

3. Балаларды ұйымдастыру формасы бойынша бақылаулар:

- жеке;
- кіші топпен;
- фронтальды

4. Балалардың белсенділік дәрежесі бойынша: тәрбиешінің бастамасы бойынша және балалардың бастамасы бойынша.

5. Танымдық тапсырмалардың сипаты бойынша:

- бақылауларды тану;
- рекреативті бақылаулар.

Танымдық бақылау – бұл балаларда өсімдіктердің, жануарлардың, жансыз табиғат объектілерінің алуан түрлілігі туралы түсініктерді, табиғат заттары мен объектілерінің (көлемі, пішіні және т.б.) қасиеттері мен қасиеттері туралы балалардың түсініктерін қалыптастыруға арналған бақылаулар, сондай-ақ бақыланатын объектілердің басқалармен байланыстарын зерттейді.

Бақылауларды қайта құру – жеке белгілер бойынша тұтастың суретін қалпына келтіру. Табиғатты бақылау кезінде циклдік бақылаулар деп аталатын белгілі бір объектінің апта немесе ай бойы өзара байланысты бақылаулары жиі

қолданылады. Бұл жансыз табиғат құбылыстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерін бақылау.

Әрбір жаңа бақылау балаларға бұрыннан таныс табиғат объектісінің жаңа аспектілері мен ерекшеліктерін білуге көмектеседі.

Бақылау әдісінің тиімділігі тәрбиеші бірқатар міндетті талаптарды орындағанда қамтамасыз етіледі (3-сурет).



Сурет 3. Бақылау әдісін қолдануға қойылатын талаптар

Бақылауды тәрбиеші нақты мақсаттар мен міндеттермен құруы керек. Табиғи объектілерді эмоционалды қабылдаусыз жүзеге асыру мүмкін емес. Балалар қоршаған дүниенің бақыланатын құбылыстарын түсінуі керек. Бақылау процесінде балалардың эмоционалдық, психикалық, сөйлеу, қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, бақылаулар қайталанатын болуы керек, балалар өзгермелі жағдайда (маусымдық) бірдей заттар мен табиғат құбылыстарын бақылауы керек. Жоғарыда аталған талаптар орындалған жағдайда ғана бақылау процесі нәтижелі болады.

Осылайша, қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған орта туралы сенімді түсініктерді қалыптастыру үшін балалармен табиғатты бақылаудың әртүрлі түрлерін ұйымдастыру қажет екенін атап өтуге болады. Педагог пен балалардың танымдық қарым-қатынасымен ұштасатын бақылау балалардың бақылау қабілетін, табиғатқа деген күшті қызығушылығын дамытады, қоршаған әлем туралы нақты, нақты түсініктерді қалыптастырады.

Әдебиет:

1. Авсейкова, В.В. Мир природы через наблюдения. – Мозырь: Издательский дом «Белый ветер», 2001. – 48 с.
2. Козина, Е. Ф. Теория и методика экологического воспитания дошкольников: учебник для среднего профессионального образования. – Москва: Издательство Юрайт, 2019. - 454 с.
3. Дубровская Е.А. Дошкольная педагогика. Эстетическое воспитание и развитие : учебник и практикум для среднего профессионального образования. – Москва: Издательство Юрайт, 2019. – 179 с.

4. Николаева С. Система экологического воспитания дошкольников. – М.: Инфра-М, 2016. – 256 с.
5. Туева Т. Целевые прогулки в природу. – М.: Детство-Пресс, 2018. – 96 с.

«ПРОБЛЕМА ПОЧЕРКА У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ»

Ж.Мусалдаева, Н.К.Рамазанова
Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар
e-mail: ramazanova82.82@mail.ru

***Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларында қолжазбаны қалыптастырудың өзекті мәселесі қарастырылады. Авторлар осы салада жүргізілген отандық және шетелдік зерттеулерді зерттеді. Анықталған мәселе психологиялық тұрғыдан және оқушыны дайындауға қойылатын талаптар мен олардың жазу сапасының деңгейі тұрғысынан талданады.*

***Кілт сөздер:** қолжазба, жазу сапасы, каллиграфия, каллиграфиялық дағдылар.*

***Аннотация.** В статье рассматривается актуальная проблема становления почерка у учащихся начальной школы. Авторами изучены отечественные и зарубежные исследования, проведенные в этой области. Выявленная проблема анализируется с психологической точки зрения и с позиции требований к подготовке ученика и уровню качества его письма.*

***Ключевые слова:** почерк, качество письма, каллиграфия, каллиграфические навыки.*

***Abstract.** The article deals with the actual problem of the formation of handwriting in elementary school students. The authors have studied domestic and foreign studies conducted in this area. The identified problem is analyzed from a psychological point of view and from the standpoint of the requirements for the preparation of the student and the level of quality of his writing.*

***Keywords:** handwriting, writing quality, calligraphy, calligraphy skills.*

Качество почерка школьника – одна из актуальных проблем современного образования. Анализируя результаты наблюдений, мы делаем вывод о том, что неаккуратный почерк характеризует не только младшего школьника. Ученики старшего звена, студенты часто испытывают затруднения в прочтении написанного в собственной тетради.

Актуальность данной проблемы несомненна. Вопрос о качестве почерка поднимается и в средствах массовой информации, и на просторах социальных сетей много шуточных «мемов» на тему почерка. Это свидетельствует о том, что не только учёные и методисты, но и широкая общественность действительно обеспокоены этой насущной проблемой.

Под понятием «каллиграфически правильное письмо» мы будем иметь в виду умения писать разборчиво, выдерживая требования по размеру, наклону букв, их отношению относительно друг друга на строке.

Процесс формирования элементарного навыка письма начинается с первых дней обучения в 1 классе. Для формирования каллиграфически грамотного письма необходима система регулярных упражнений, усидчивость, терпение, развитие мелкой моторики руки.

Вместе с тем период учебного времени, отводимого на постановку почерка, достаточно короткий. В начальной школе сегодня на знакомство и изучение одной буквы отводится 2 часа. При этом ученик знакомится со звуком, буквой, ее элементами, запоминает их, учится читать и писать. Такие ученые как Е.Н.Белова, Стручаева Т.М., Вершинина В. указывают, что объем учебного содержания велик, поэтому времени на развитие аккуратного почерка в 1 классе остается мало [1, 2, 3].

При этом в среднем и старшем звене работа по постановке почерка у школьников практически не ведётся.

В некоторых зарубежных школах используется такая практика: во время научения письму учащиеся пишут карандашом столько раз, сколько нужно, без оценивания результатов в балльной системе.

В отечественной практике образования с первого дня обучения школьники берут в руки шариковую ручку. Качество письма во многом определяется тем инструментом, которым пишут. У шариковой ручки пишущая часть — это «точка».

В современной казахстанской школе нет специальных уроков каллиграфии. Искусству красиво писать можно обучиться в основном на спецкурсах и факультативах, чаще всего они направлены на взрослых. Вместе с тем, в требованиях к письменной части экзамена по любому школьному предмету говорится о необходимости писать «аккуратно, разборчивым почерком». Таким образом, учитель должен постоянно заострять на данном моменте внимание учащихся, так как, не уделяя должного внимания почерку, есть риск писать не только некрасиво, но и с ошибками.

С другой стороны, ошибки может и не быть, но учитель при проверке может не разобрать почерк и не понять правильного написания буквы.

Анализируя причины плохого почерка, следует указать повсеместное использование в повседневной жизни компьютерной техники и различных гаджетов, где навыки письма ручкой или карандашом имеют нулевую значимость.

Одним из условий, формирующих мотивацию в качественному письму, может стать осознание младшим школьником факта о том, что окружающие люди могут составить первое впечатление о человеке, глядя на его тетрадь, почерк. По тому, как ученик ведет записи в тетради, можно судить о его прилежности, старательности, аккуратности, то есть красивый почерк — это показатель положительных внутренних качеств человека.

Чаще всего способный ученик красиво пишет и имеет аккуратные тетради.

Вместе с тем, ученые доказали связь между почерком и уровнем развития мелкой моторики руки ребенка. Работу в этом направлении следует начинать в семье, в период дошкольного воспитания, и продолжить в 1 классе.

Правильная постановка руки при письме, умение держать инструмент для письма, поза за письменным столом крайне важны.

Будущим учителям начальных классов следует следить за собственными записями как в тетради, так и на доске, так как младшие школьники пытаются «равняться» на почерк учителя. Поэтому недопустимы неряшливость, каллиграфически неграмотное письмо, неверные записи элементов и соединений букв.

В начальных классах ежедневно следует акцентировать внимание учащихся на качество и правильность письма. Для этого необходимы ежедневные каллиграфические минутки на уроках математики и русского языка.

Следует учить детей анализировать качество своего письма. Для этого просим учащихся взять в руки карандаш и подчеркнуть букву, которая прописана красивее остальных. Далее просим найти букву, которая не получилась, анализируем допущенную ошибку (например, неправильно написан элемент буквы, соединение между буквами, письмо с отрывом, письмо с нажимом и др.) Учим обучающихся осознанно относиться к письменным работам.

Кроме этого, на проблему почерка обратить внимание должны учителя всех предметов в школе, не только учитель начальной школы или русского языка. Работа по постановке правильного и чёткого начертания букв должна оформиться в систему, проводиться на каждом этапе обучения, начиная с начальной школы и заканчивая основной.

Существует множество методик обучения каллиграфическим навыкам школьников: воображаемое письмо, письмо в воздухе, анализ буквы, письмо по точкам и др. Мы придерживаемся мнения, что для формирования стойкого каллиграфического навыка необходимо разумное сочетание всех известных способов обучения каллиграфическому письму, орфографическое проговаривание, развитие умений звукового анализа и мелкой моторики рук школьников.

Литература:

1. Башмаков А. И. Голос почерка / А. И. Башмаков, М. И. Башмаков. — М.: Петрополис, 2009. — 296 с.
2. Гурова Е. М. Подготовка руки ребенка к письму // Начальная школа. — 2000. — № 5. — С. 61–62.
3. Желтовская Л. Я. Формирование каллиграфических навыков у младших школьников. — М.: Просвещение, 2005. — 238 с.
4. Лабо М. О чем говорит почерк? Практическая графология. Записки подполковника ФСБ / Михаил Лабо. — М.: ДНК, 2007. — 128 с.
5. Сальникова Т. П. Методика преподавания грамматики, правописания и развития речи / Т. П. Сальникова. — М.: «Сфера», 2006—320 с.

«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ»

Л. М. Мұсатіла

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

e-mail: musatila@mail.ru

***Аннотация.** Мақала қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын бастауыш сынып оқушыларының таным белсенділігін арттыру мәселесіне арналған. Жұмыс барысында белсенділікті арттырудың жолдары туралы ақпарат берілген. АКТ құралдарын пайдалану тікелей бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттыратынына іс-жүзінде эксперимент жұмыстары жасалды.*

***Кілт сөздер:** таным, қызығушылық, АКТ, бастауыш, дамыту.*

***Аннотация.** Статья посвящена проблеме повышения познавательной активности младших школьников, которая является одной из актуальных на сегодняшний день. В ходе работы дана информация о способах повышения активности. Экспериментальная работа на практике показала, что использование средств ИКТ непосредственно повышает познавательный интерес младших школьников.*

***Ключевые слова:** познание, интерес, ИКТ, начальное, развивающее.*

***Annotation.** The article is devoted to the problem of increasing the cognitive activity of Primary School students, which is one of the most pressing problems today. In the course of the work, information is provided on ways to increase activity. Practical experiments have been carried out that the use of ICT tools directly increases the cognitive interest of Primary School students.*

***Key words:** cognition, Interest, Act, elementary, development.*

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс [1, 27 б.].

Қызығу балалардың жақсы оқуына, оқығанын жақсылап ұғып алуына ықпалы зор. Егер балада қызығу болмаса, ол оқу пәндеріне, тәрбие жұмыстарына ешбір қызықпаса, оқудың да, тәрбиенің де жемісі болмас еді. Адамда сан алуан қызығулардың болуы мүмкін. Бірақ бұлардың ішінде ең басыңқы қызығуы болады. Мұндай қызығулар әсіресе оқу әрекетіне аса қажет. Оқуға қызығуының әсерлі, күшті, тұрақты, мазмұнды болуы оқушының сабақты үлгеруіне ықпал етеді де, терең білімді алуына көп жәрдем тигізеді. Оқу қызығулары оқушыларда оқу түрткілерінің дамуына байланысты қалыптасып отырады. Қызығудың мазмұнды әрі кең, өрісті болуы оның басты ерекшеліктеріне байланысты [2, 19 б.].

Адам объектіге түрлі мақсатты көздеп қызығады, осы тұрғыдан қызығуды тікелей және жанама деп екіге бөлуге болады. Тікелей қызығу айналадағы нәрселердің тартымдылығынан туады да, жанама қызығу – бұл әрекеттің түрткі нәтижесінен қажетсінуінен туындайды. Мұндай қызығу барысында адам көздеген мақсатқа біртіндеп, сатылап жетеді. Мәселен, оқуға, еңбек етуге т.т. қызығу. Жанама қызығу тұрақты болып келетін болса, адамның ісі оңға басып, ол әрнәрсені білген үстіне біле түсуге ықпалы артып отырады. Адамдардың қызығу саласындағы ерекшеліктері де әр түрлі. Бұл өзгешеліктер адамның іс-әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мұраты мен мүддесіне байланысты белгілі мазмұнға толы болады [3, 63 б.]. Мысалы: бір адамдар саяси мәселелерге қызығатын болса, екінші біреулер эстетикаға, әдемілікке қызығады. Ал, үшінші біреулері ғылыми теориялық мәселелерге ерекше назар аударып отырады, төртінші біреулерде осы айтылғандардың барлығы бірдей тоғысып жатады. Мектеп жасындағы балаларда қарапайым танымдық қызығушылықтарымен қатар спорттық, оқырмандық қызығулары да кездеседі.

Қазіргі кезде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын дамытуда ақпараттық технологиялардың алатын орны ерекше. Бастауыш сынып оқушыларында негізгі ойлау әрекеті – көрнекілік-образды. Сондықтан, оларды оқытуда көптеген сапалы иллюстрацияларды қолдануда АКТ-ның үлесі зор. Тақырып мазмұнын игеруде тек көру емес, сонымен бірге есту, іс-әрекет орындау, эмоция мен қиял да қосылады. Мысалы, біз музыка сабағын алып көрдік, осы сабақтарда оқушының тек ән айтып қана қоймай, ойлау дағдылары, тыңдалым, айтылым жүреді. Тақырыбымызды аша отырып, АКТ-ны және көрнекілік құралдар қолданылады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарына назар аударамыз.

Музыкалық көркемдеуші құралдарын және музыканың сипатын анықтай отырып, танымдық қызығушылықтырын бақылау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: Білім алушы

• Тыңдалған әннің / музыкалық шығарманың мазмұнын, көңіл күйін атайды

• Терминдерді қолдана отырып, музыкалық шығарманы сипаттайды
1-тапсырма. Н. Тілендиевтің «Аққу» күйін тыңда. Шығарманың көңіл күйін, динамикасы мен екпінін анықта.

Шығарманы сәйкес терминдерді қолдана отырып сипатта:



- көңілді, көңілсіз, баяу, жылдам, екпінді, байсалды, ақырын, қатты.

Дескриптор:

Білім алушы:

– күйді тыңдайды;

– шығарманың көңіл күйін анықтайды;

- музыканың екпінін анықтайды;
- музыканың динамикасын анықтайды;
- музыканы сипаттау үшін терминдерді дұрыс қолданады;
- жанрын анықтайды.

1-кесте. Оқушылардың танымдық қызығушылықтары.

Сабақ барысын меңгеру деңгейі	Балалардың сандық көрсеткіші	Пайыздық көрсеткіш %
Белсенді	5	50%
Орташа қызықты	3	30%
Ынтасы жоқ	2	20%

Балалардың қызығушылық деңгейі

Осы кесте мен диаграммада көрсетілгендей сабақта технологияны қолдану арқылы балалардың қызығушылығы жоғары, орташа және төменгі деңгейі бойынша айырмашылық бар.

2-кесте. Сабақта технологияны танысып білу арқылы балалардың қызығушылықтары мен талпыныстарының деңгейлік көрсеткіштері

Деңгейлері	Қатысқан бала санының көрсеткіші	Проценттік көрсеткіш
Жоғары	3	30 %
Орташа	5	50 %
Төмен	2	20 %



Сурет 2. Бақылау кезеңі бойынша қарастырылып өткізілген сабақтардағы қызығушылықтар.

Танымға, танымдық әрекетке қажеттілік көп ғасырлық адамзаттың тәжірибелерді игеруінде қалыптасады. Балалық шақтың өзінде танымдық қажеттіліктер, хабарламаның әр түрлі жақтарын, өмірлік пікірлердің қорын игеруге бағытталады.

Адамның бұдан былайғы өмірінде қызығушылықтың, білімді игерудің түрлері мен тәсілдері және объектісі өзгереді. Демек, танымға деген қажеттілік

адамның ішкі қасиетіне тән бола отырып, жылдан жылға дамуына ие болып отырады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың теориялық негіздері болып табылатын оқушылардың жан-жақты дамуына, қызығушылықтарын арттыруға өз үлесімізді қосуымыз керек. Адамның алдына қойған мақсаттарына жетуге, қабілеттерін артыруға мүмкіндік беру қажет. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын, олардың жан-жақты дамуына, дағдылар қалыптастыру. Баланың әрбір даму кезеңдерінде пайда болатын жетекші әрекетінің сәйкестендіріп, қоршаған дүниені тануға, танымдық қасиеттерін әрекет тәсілдерін меңгеруге бойындағы қабілеттерін жетілдіруге, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ұмтылдыру қажеттіліктерін туғызады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 ж
2. Жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты- Астана, 2016.
3. Жүнісова К., Рахметова С., Оспанова Т., Бадамбаева Г., Уәйісова Г., Жаманқұлова П., Изғұттынова Р., Айдарова З., Құлманова Ш., Тұрненелдина М., Оралбаева Т. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. – Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1998.

«САУАТ АШУ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ»

Л. М. Мұсатіла, Т. А. Олжа

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы

musatila@mail.ru
temirtas.olzha@mail.ru

Аннотация. «Сауат ашу пәні бойынша оқушылармен кері байланыс және рефлексия» мақаласы «сауат ашу», «кері байланыс», «рефлексия» сөздеріне толық тоқталып, маңыздылығы түсіндіріледі. Бұл мақала қазіргі уақытта өзекті де пайдалы. Мақалада сауат ашудың маңыздылығы мен мақсаты және кері байланыстың тиімділігі, түрлері, рефлексиямен айырмашылы, әдістеріне тоқталып өтті. Кері байланыстың түрлерімен, әр жеке түрлерінің қолданылатын әдістерімен танысады. Мақала соңына қарай сауат ашу пәні бойынша кері байланыс үлгісі берілді. Оқу бағдарламасының мақсаттылығы, тілдік әрекеттің үлгілері көрсетілген.

Кілт сөздер: сауат ашу, кері байланыс, рефлексия, әдістер, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым.

Аннотация. Статья «обратная связь и рефлексия с учащимися по предмету грамотность» подробно останавливается на словах «грамотность», «обратная связь», «рефлексия», объясняется важность.

Эта статья актуальна и полезна в настоящее время. В статье рассмотрены важность и цель обучения грамоте и эффективность обратной связи, виды, отличия от рефлексии, методы. Знакомится с видами обратной связи, применяемыми методами каждого отдельного вида. В конце статьи был дан образец обратной связи по предмету грамота. Показана целесообразность учебной программы, образцы языковой деятельности.

Ключевые слова: грамотность, обратная связь, рефлексия, методы, произношение, письмо, чтение, аудирование.

Annotation. *The article "feedback and reflection with students in the subject of literacy "fully focuses on the words" literacy", "feedback", "reflex" and explains the importance. This article is both relevant and useful at the moment. The article focused on the importance and purpose of literacy and the effectiveness of feedback, types, differences with reflexes, methods. Get acquainted with the types of feedback, the methods used for each individual type. At the end of the article, a sample of feedback on the subject of literacy was given. The purposefulness of the curriculum, patterns of language activity are indicated.*

Keywords: literacy, feedback, reflection, methods, pronunciation, subscription, reading, listening.

«Баланы оқытудың мақсаты – оны әрі қарай мұғалімнің көмегінсіз-ақ дамуға қабілетті ету».

Элберт Грин Хаббард

Бастауыш сыныптағы «Сауат ашу» пәнінің оқу бағдарламасы – бастауыш білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі. «Сауат ашу» пәні – «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің құрамдас бөлігі, бұдан әрі тілдік және әдебиеттік білімге дайындақ кезеңі, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады [1, 7 б.].

Пәнді оқытудың ерекшелігі білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады, ол оқу мен жазу бойынша алған білім, білік, дағдыларын түрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалануға мүмкіндік береді.

«Сауат ашу» пәнінің маңыздылығы – оқу деген қызығушылығын қалыптасырып, логикалық ойын дамытып, тұрақты зейін мен есте сақтау жадын, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету міндеттерін жүзеге асыруда. «Сауат ашу» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының ойын әрекетінен оқу әрекетіне өтіун қамтамасыз етеді. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сол сұрақтар бойынша жауап іздеуге үйренеді.

«Сауат ашу» пәнінің мақсаты – оқу мен жазу дағдылары қалыптасқан, алған білімін әртүрлі жағдаяттарға сай қолдана білетін, ойын, пікірін толық, түсінікті, жүйелі жеткізе алатын, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

«Сауат ашу» пәнін оқытуда оқушылармен қызықты әдістер арқылы кері байланыста (рефлексияда) болу керек. Кері байланыс – белгілі бір оқиға

немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру. Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі [1, 324-325 б.].

Кері байланыс және рефлексия. Кері байланыстың тиімділігі. Кері байланыс пен рефлексияның айырмашылығы. Кері байланыста қолданылатын әдістер.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

«Рефлексия» сөзі латын тіліндегі «reflexio» – «артқа қарау» деген ұғымынан туындайды. Джон Дьюи рефлексиялық ойлауды былай сипаттайды: «Қандай да болмасын бір пікірді не білімнің ықтимал көрінісін олардың негіздерін ескере отырып белсенді түрде, толассыз және мұқият қарастыру, осының салдарынан туындаған қорытындаларды талдау» (Дж.Дьюи, 1997, 15) [3].

Кері байланыс әрқашан субъективті болады, себебі ол әрбір адамның өзіндік пікірі. Кері байланыс арқылы оқушы өз ойын ашық білдіре алады. Кері байланыс мұғалім үшін де өте тиімді. Кері байланыс арқылы:

- Оқушы өзінің оқудағы кемшіліктерін түсінуге көмектесетін мәліметтер мен алға жылжуға нақты нұсқаулар алады;
- Мұғалім оқытудағы жіберілген олқылықтар және өзінің әрекетіне, қызметіне (жаңа әдіс-тәсілдер, оқыту технологиялары, сабақта уақытты тиімді пайдалану т.б.) өзгерістер енгізуге көмектесетін мәліметтер алады.
- Оқушыларға жиі және маңызды кері байланыс ұсынылған жағдайда оқыту тиімді болады.

Кері байланыс пен рефлексияның айырмашылығы.

Кері байланыс – 45 минут сабақтың балаға қаншалықты түсінікті болғандығын, сабақтың қай деңгейде өткендігін және жеткізе алғандығының нәтижесін қысқаша түрде оқушыдан сұрау. *Рефлексия* – оқушыдан алған кері байланыстан сабақтың қалай өткендігін ой елегінен өткізіп, жіберілген кемшіліктерді саралап, келесі жоспарға түзету енгізу.

Кері байланыста қолданылатын әдістер. Сабақта кері байланыстың үш түрі бар:

- Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс;
- Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс;
- Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс [4].

Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс – көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстер. Әдістер: «Алма ағашы», «Ауа райы», «Бағдаршам», «Смайликтер», «Бес саусак», «Шапалақ», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», т.б.

«Бағдаршам» әдісі – сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсету:

Жасыл түс – сабақтан жаңа идеялар байқадым.

Сары түс – жаңа сабаққа көңілім толды.

Қызыл түс – бүгінгі сабақ сезіміме ерекше әсер етті.

Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Әдістер: «Табыс сатысы», «Таңдау», «Нысана», т.б.

«Нысана» әдісі – тақтаға нысана суреті қойылады. Нысана іші сары, қызыл, көк түске боялған. Сары түс – «Бұл тақырып маған өте қызықты болды», қызыл түс – «Маған бәрі түсінікті», көк түс – «Маған көмек керек».

Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Әдістер: «Синквейн», «плюс, минус, қызықты», «Білім гүлі», т.б.

«Плюс, минус, қызықты» әдісі — «Плюс» — оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады. «Минус» — “ қолымнан келмей жатыр” немесе “ түсініксіз болып тұр ” деген ойларын жазады. «Қызықты» — деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі, соны жазады.

Үй тапсырмасын қайталауда берілетін кері байланыс. Әдістер: «Ыстық орындық», «Ашық микрофон», «Сұрақты қағып ал», «Миға шабуыл», т.б.

«Сұрақты қағып ал» әдісі – мұғалім фасоль салынған қапшықты алып, оқушыларға сұрақ қою арқылы қапшықты лақтырады. Оқушы қапшықты ұстап алып, сұраққа жауап береді.

Осы әдістер арқылы жүргізілген кері байланыс өте тиімді, қолжетімді. Оқушыларды оқуға, ізденіске деген қызығушылықтары артады.

Сауат ашу пәні бойынша оқушылармен кері байланыс.

«Сауат ашу» пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құру арқылы, қажетті коммуникативтік дағдыларды дамыту керек. Мұндай орта оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдерімен және көпшілікпен қарым-қатынасында қазақ тілін сауатты пайдалануына, ауызекі, жазбаша формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік туғызады.

Бізге тілдік әрекеттің 4 басты түрі белгілі: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым [1, 20 б.].

- Айтылым – ауызша вербалдық қарым-қатынас арқылы жүзеге асатын тілдік әрекеттің өнімді түрі;

- Тыңдалым – ауызша ақпаратты түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі;

- Оқылым – жазбаша мәтінді түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі;
--

- Жазылым – графикалық үлгіде ойды жарыққа шығаруды қамтамасыз ететін тілдік әрекеттің өнімді түрі.

«Сауат ашу пәні бойынша оқушылармен кері байланыс» пен «айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым» бойынша үлгі. Тақырып: Сыныптан тыс уақытта. Ш дыбысы мен әрпі [5, 83 б.], [6, 49 б.].

Тыңдалым және айтылым

1. Аудио үнтаспадан мәтінді тыңдату.
2. «Сұрақ қой және талқыла» кері байланыс әдісі арқылы оқушылардың пікірін тыңдау.

Оқылым

1. Аш, шаш, ал, ал-ша, ар, ар-ша, ша, ша-шу, шу, шу-ла сөздерді жеке оқу.
2. «Шапалақ» кері байланыс әдісі арқылы бағалау.

Жазылым

1. «Орнымды тап» әдісі арқылы сөздердің алдына «ш» әрпін қою. Ш әрпінен басталатын сөздерді жазу.
2. «Ауызша мадақтау» кері байланысымен оқушыларды ынталандыру [2, 62 б.].

Қорыта келе, «Сауат ашу» пәнін оқыту кезінде кері байланысты қолдану маңызды процестің бірі. Кері байланыс арқылы оқушылардың пікірін біліп, жеке тұлғалық ойын айтуына септігін тигізе аламыз. Кері байланысты қолдана отырып, мұғалім де өзіне қажетті ақпаратты ала алады. Оқушы үшін сабақтың қай бөлігі түсінікті, қызықты болғанын біліп мұғалім алдағы уақытта түсініксіз болған тұстарын түсіндіріп, шеберлігін шыңдай түседі. Кері байланыс, рефлексияны түрлі бағытта өзгерту арқылы бір сарынды сабаққа өң береміз. Баланы оқу процесіне қызықтыра алудың бір тәсіліне кері байланысты енгізе аламыз.

Әдебиет:

1. Галиева А.Н. «Бастауыш сыныптағы сауат ашу әдістемесі» 2021 жыл
2. 249 әдіс-тәсіл Талдықорған 2008 жыл
3. <https://kazbilim.kz/?p=3793>
4. <https://ppt-online.org/108210>
5. Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова «Сауат ашу оқыту әдістемесі 1 бөлім» 2016 жыл
6. Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас, М.Н. Оспанбекова «Сауат ашу 1 бөлім» 2018 жыл

**«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН
ДАМУДАҒЫ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ»**

Расола А., Жандилова А.Т.

Павлодарский педагогический университет, г. Павлодар
zhandill@mail.ru

Аннотация. Балабақшадан бастау алатын тәрбиенің негізі баланың жас шамасына сәйкес қарапайым білім негіздерін қалыптастыру, ой-өрісін

кеңейту, жеке басын дамыту, іскерлік дағдыларды меңгерту болса, бүгінгі таңда оны іске асыруда әлі де кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелер көптеп саналады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат ойын - сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Кілт сөздер: сөздік, ойын сабағы, мектепке дейінгі жас, даму.

Аннотация. Если в основе образования, начиная с детского сада, лежит формирование простых основ знаний по возрасту ребенка, расширение кругозора, развитие личности, овладение деловыми навыками, то на сегодняшний день существует множество актуальных проблем в его реализации. Игровое занятие занимает важнейшее место в работе по организации развития словарного запаса. Воспитатель развивает словарный запас детей при организации наблюдения, разглядывания предметов, разглядывания картинок, решения и построения ребусов, походов, игр-уроков.

Ключевые слова: Словарный запас, игровое занятие, дошкольный возраст, развитие.

Abstract. If the basis of education starting from kindergarten is the formation of simple knowledge bases according to the age of the child, expansion of thinking, development of personality, acquisition of business skills, today there are many pressing issues in its implementation. The game lesson takes the most important place in the work of organizing vocabulary development. The teacher develops the children's vocabulary during the organization of observation, looking at things, looking at pictures, solving and constructing puzzles, trips, games - lessons.

Key words: Vocabulary, game activity, preschool age, development.

Балабақшадағы негізгі мәселенің бірі - баланың тілін дамыту. Әрине, тіл дамыту отбасынан бастау алатыны белгілі. Өйткені баланың тілі үлкендермен қарым-қатынаста қалыптасатын болса, баланың үлкендермен қарым-қатынасы ата-анадан, ата-әжеден басталады. Балабақша оны әрі қарай дамытады. Балабақшадағы негізгі жұмыс «тіл дамыту» деп бағалайды ғалымдар. Өйткені тіл - адамға табиғаттан берілетін, адаммен бірге туған асыл қазынасы, зор байлығы. Тіл өте күрделі, әр түрлі салалы құбылыс болғанмен, оның әр саласының атқаратын өз қызметі бар.

Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөлінеді. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған ортамен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойынан бастап өрбейді.

Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі-ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әр түрлі құбылыстар мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттерін еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы

іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балабақшадағы тәрбиелеу -оқыту жұмысында балалардың тілін, сөздік қорларын дамытуда ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны іс-әрекет кезінде тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісі бойынша балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерте отырып, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру біздің басты міндетіміз болып табылады.

Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойындар мен тапсырма жаттығуларының алатын орны ерекше.

Ойынды қолдана отырып, балалардың ойлауы мен тілін дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға тырысамыз. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашуға бейімделеді.

Халық даналығында Ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған, өмірде де озады деген аталы сөздерінің сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғасын береді. Ойын барысында бала өзінің сүйікті әңгімелеріндегі кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойын-мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров "Балалықтың қанына ойын азық" деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті - ойын, сондықтан да, оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: "Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?" деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтармен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдарда шұғылданды.

Біз психологиялық ойын-жаттығулары арқылы баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына жағдай жасаймыз.

Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтауы мен қабылдауын дамыту, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, ойындар арқылы мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқауға болады. Ойын-бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасап, әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын тапсырмаларын тандау мен іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Ойынды заттармен, үстел үсті және сөздік ойын ретінде өткізуге болады.

Жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға арналған пәндік дамытушы органы ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі ретінде заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету, ойын іс-әрекеті жағдайымен қамтамасыз ету сұрақтары айқындалған. Бала үшін ойын - өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Ойында балаларды не қызықтырады? - деген сұрақ туындайды. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын түрлері де әр түрлі болып келеді. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс әрекетіне айландырып, ойын түрін күрделендіре түсу керек.

Оқу әрекетінде қолданатын ойын түрлерінің бірі дидактикалық ойындар. Оқу әрекетінде дидактикалық рөлдік ойындарды балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданамыз. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында, оқу әрекеті балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын түрінде өткізіледі.

Дидактикалық ойындар-грамматикалық машықтарды бекіту үшін тиімді құрал болып табылады. Өйткені ойынды ойынды жүргізудің динамикалығы, эмоционалдығы және балаларды оған деген қызығушылығы арқасында керекті сөз формалары көп рет қайталанатын, бала тілін дұрыс формада жаттықтыруға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындарды ойыншықтармен, заттармен және суреттермен де, сонымен бірге көрнекі материалсыз, сөздер мен ойыншықтардың әрекеттеріне негізделген сөздік ойындар түрінде жүргізуге болады.

Дидактикалық ойындар нақты, қысқа әрі қызықты болуы тиіс. Сонымен қатар қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт. Балалардың тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаштар, санамақ, "Қуыр-қуыр қуырмаш", "Малдың төлін шақыру", т.б ойындарды айтуымызға болады. Балалардың тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді. Баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойлану арқылы заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай олардың атын табуға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.

1-кші топта жұмыс жасаған кезімізде тіл дамыту сабағында тақырыбына қарай дидактикалық ойындардың жеңіл түрі ойнатылады. Мәселен, "Даусын сал", ойынын алуымызға болады. Ойын шарты: кубикті пайдалану арқылы жүзеге асады. Бала кубикті лақтырып қандай жануар түссе сол жануардың дыбысын салады. Сол сияқты "Қимылын көрсет" - ойыны. Ойын шарты: айтылған заттардың қимылын көрсету мысалы: қоян, ұшақ, аю, бақа, т.б.

Ортаңғы топта заттармен ойналатын ойындар, ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал»,

«Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Ересек топтарында қолданылатын ойындар. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Даярлық топтарында «Сөйлемді толықтыр» ойынын ойнатамыз.

Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.

Шарты: Балалардан сөйлемді аяқтауды өтіну: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі . . .». "Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені . . .", "Аю қыста ұйықтайды, себебі . . ." және т.б.

Қорыта келе айтқанда: ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын-балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан-жақты дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Баланың тілінің дамуы барысында қоршаған ортаның, ойынның әсерінің қаншалықты маңызды екендігін байқадық. Қоршаған ортаны бақылау барысында да, ойындар қолдану арқылы оқу әрекеті жүргізіледі. Балалар тек ойнап қана қоймайды сонымен қатар, тілдері дамиды, қарым қатынастары да жақсы дами түседі. Топпен бірге жұмыс жасау қабілеттері арта түседі. Өз жұмысымды бақылай отырып «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудағы ойынның рөлі» тақырыбын тандап алдым .

Келешекте алдыға қойған мақсатымыз: Ойындар арқылы, баланың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ойын арқылы ынталандыру нәтижесінде қоршаған ортамен тығыз байланыстыра отырып дүниетанымдарын арттыру.

Балалардың тілдерін дамыту мақсатында өлең-тақпақтар жаттатқызып, ата аналарын құрметтеуге, отан сүйгіштікке баулып, сөйлеу тілдерін дамыту жолында, оқу іс - әрекетіне сай бағдарлама бойынша оқу-іс әрекеттеріне жана технологиялармен жұмыс жүргіземіз. Тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, тілі аса дамымаған балалармен болашақта жеке жұмыстар жүргіземіз. Балабақша ішінде еткізілген мерекелерде әрбір баланың өлең тақпақтарды анық әрі мәнерлеп айтуына, әр балаға жеке көңіл аудара отырып тілдерін жетілдіруге жағдай жасау. Оқу іс - әрекеті барысында «Ойын, еңбекке баулу, бақылау, тілін дамыту» әрекеттерін терең түсініп қабылдау үшін инновациялық технологияларды қолдану, жаңа технологиялар енгізіп, интерактивті әрекеттерін енгізу негізгі мақсатымыз .

Егер бала қандай да бір саусақ ойынын жетік меңгерсе , онда ол міндетті түрде бір көрініске немесе өлеңге жаңа бір сахналау ойлап табуға тырысады. Бір жастан екі жасқа дейінгі балалар бір қолмен ойналатын саусақ ойындарын жақсы қабылдайды. Үш жастағы балалар екі қолмен ойналатын саусақ ойындарын игере алады. Мысалы, бір қол үйшік те, екінші қол үйге жүгіріп

келе жатқан мысық болуы мүмкін. 4-5 жастағы балалар белгілі бір көріністі саусақ арқылы сахналай алады.

Өз тәжірибемде тәрбишілерге саусақ ойындарын барлық оқу-іс әрекеттері үстінде- сергіту жаттығуларында, ертеңгілік жаттығулары үстінде үнемі пайдалануды ұсындым. Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

Әдебиет:

1. Бакраденова А.Б: Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. CyberSmith.2018.
2. Қ.Меңдаяқова. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми негіздері.-Алматы, ҚазМемҚызПИ-2007.
3. Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілін дамыту. ПМПИ 2021.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты:1.001-2004. Астана 2010ж.
4. "Отбасы және балабақша"№4, 2011ж.

«ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНДА ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ»

Рахманберген Айдана Мейрамбекқызы
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қаласы.
rahmanbergen@inbox.ru

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі кездегі педагогика саласында білім берудегі өзекті мәселелер, сонымен қатар, олардың маңызы мен шешу қажеттілігі қарастырылады. Тәрбиенің педагогикалық үрдістің негізі ретінде әртүрлі заманауи тәсілдер зерттелді. Мақаланың мақсаты – педагогтардың студенттердің оқу материалын толығырақ игеру үшін жаңа технологияларды иелену болып табылады.*

***Кілт сөздер:** білім алу, инновация, педагогика, қазіргі заман, білім алу жүйесі, тәсіл.*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются актуальные проблемы образования в современной области педагогики, а также их значение и необходимость решения. Изучены различные современные подходы воспитания как основы педагогического процесса. Цель статьи-приобретение педагогами новых технологий для более полного усвоения обучающимися учебного материала.*

***Ключевые слова:** Образование, инновации, педагогика, современность, система образования, подход.*

***Annotation.** This article discusses the current problems of education in the field of pedagogy, as well as their significance and need to be solved. Various modern approaches to education as the basis of the pedagogical process have been*

studied. The purpose of the article is the acquisition by teachers of new technologies for a more complete assimilation of educational material by students.

Key words: *education, innovation, pedagogy, modernity, education system, approach.*

Педагогикалық білімнің басты мақсаты – адамның жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуын және қоғамның ең жоғары құндылығы, оның психикалық, физикалық және эстетикалық қабілеттерін, жоғары адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды дайындау, демек, халықтың интеллектуалдық, шығармашылық және мәдени әлеуетіне қатысты осы негізде байыту. Бұл мақсатты рухани, биік адамгершілік, мәдениеттілік, парасаттылық, адамгершілік, кәсіби құзыреттілік, шығармашылық педагогикалық ойлау қабілетімен ерекшеленетін педагогтар ғана жүзеге асыра алады.

Қазіргі таңда елімізде ұлттық білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алуда. Бүгінгі таңда мектептегі білім беру басты назарда, өйткені ол әрбір адамның өміріндегі ең ұзақ кезеңдердің бірін қамтамасыз етеді.

Дүние бір орнында тұрмайды, адам қызметінің барлық салалары үнемі өзгеріп отырады, жаңа технологиялар пайда болуда, ең үлкен ашылулар орын алуда. Сонымен бірге, бір нәрсе ескіреді және заманауи әлемнен мәңгілікке жоғалады. Мұндай тұрақты қозғалыс тәрбие мен оқыту процесінде көрінбеуі мүмкін емес. Білім саласына инновацияларды енгізу қажеттілігін ең алдымен балалар, мектеп оқушылары, студенттер қалыптастырады. Дәл осылар қазіргі қоғамның психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді және теориялық және практикалық зерттеулерге қажетті оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін анықтайды. Білім берудегі қалыптасқан көзқараста білімді жеткізетін, оқушылардың әр түрлі құзіреттілігін қалыптастыратын, олардың өзіндік санасын дамытатын, тұлғаны қалыптастыратын мұғалімнің іс-әрекетіне басты назар аударылады. Білімді өз бетінше меңгеру қабілетін дамытуда негізгі міндет айқындалады. Басқа тәсілдер, мысалы, қашықтықтан және интерактивті оқытудың, шын мәнінде, оқыту алгоритмдерінен көп айырмашылығы жоқ.

